

«Ешбір ана назардан тыс қалмайды»  
2-бет

Қауырсын тағдырлы күдірет  
6-бет

Көнеден көшкен күй керуен  
8-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

# ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАФАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz



www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕНБІ, 6 ШІЛДЕ, 2024 ЖЫЛ №75 (23 397)



www.facebook.com/ortalyq.kz/



info@ortalyq.kz

## Құрметті жерлестер!

Сіздерді мемлекеттік мереке – Астана күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Бүгінде елордамыз дарынды жастар бас қосатын, батыл сәулеттік жобалар жүзеге асырылатын және Қазақстанның болашағын айқындайтын маңызды іс-шаралар өтетін орталыққа айналды. Астана – мемлекеттілігіміздің және еліміздің табысты дамуының символы.

Қазақстанның көп ғасырлық тарихында астана атанып, мемлекеттілігіміздің дамуына зор үлес қосқан бірнеше қала болды. Олардың қатарында Қазақ хандығының алғашқы астанасы болған, Жәнібек, Керей және Шығай хандардың ордасы болған – Созақ қаласы, ежелгі – Сығанақ, мәдени астанамыз – Түркістан, Семей, Қызылорда және Алматы қалалары бар. Олардың әрқайсысы халық өмірінде үлкен рөл атқарды. Ал, мыңжылдықтар тоғысында Тәуелсіз Қазақстан жаңа елорда – Астана қаласын таңдады.

Бүгінде Астана шаһары еліміздің саяси, экономикалық, мәдени және ғылыми өмірінің орталығына айналған. Астананың политикалық құрамы – бүкіл Қазақстан халқының бірлігі мен тұтастығының белгісі іспетті. Елорданың жетістіктері Қазақстанның барлық өңірлерінің дамуына серпін береді.

Құрметті қарағандылықтар, сіздерді Астана күнімен құттықтай отырып, зор денсаулық, шаңырақтарыңызға бақ-береке тілейміз!

Елордамыз – Астана қаласы гүлденіп, дами берсін!

**Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,**  
Қарағанды облысының әкімі  
**Нүркен КОБЖАНОВ,**  
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

• БҮГІН – АСТАНА КҮНІ

## Алты құрлықтың ақылдастар алаңы



Салтанат ЛІНЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде Астана – маңызды жаһандық саяси оқиғалардың эпицентрі. Тәуелсіз мемлекеттің сыртқы саяси қызметін табысты жүзеге асыруы оның дипломатиялық мәртебесін толық айқындап бергенін жөкка шығара алмаймыз. «Астана» бренді бүгінде жауапкершіліктің, пәрменділіктің көрсеткішіне айналып, бүкіл әлемге танымал болып үлгерді. Қазақстанның бас қаласы әлемдік қоғамдастықта ауқымдағы саяси оқиғалармен тығыз байланысты. Елордада Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Еуразиялық экономикалық қоғамдастық, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы сияқты халықаралық ұйымдардың Мемлекет және Үкімет басшылары кеңестерінің кездесулері жоғары деңгейде өткізіліп келеді. Одан бөлек, Астана толеранттылықты, бейбітшілікті пен ықпалдастықты насихаттау және оған шақыру жөніндегі жалпыланетарлық диалог алаңына айналған. Оның дәлелі – әлемдік және дәстүрлі діндер қолбасшыларының съездері. Күні кеше ғана Елордада әуелде «Шанхай бестігі» ретінде құрылып, кейіннен, ондық ретінде Еуразия кеңістігінде беделді ұйымға айналған Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының Саммиті Қазақстанның төрағалық етуімен өтті.

► 4-бет

• ТАҒАЙЫНДАУ

## Облыс әкімінің орынбасары тағайындалды

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың орынбасары қызметіне Әлібек Әлденей тағайындалды. Ол білім, ішкі саясат, тілдерді дамыту, жастар саясаты, дін, мәдениет және спорт істері мәселелеріне жетекшілік етеді.



Әлібек Үсенұлы Әлденей – 1984 жылы Түркістан облысында дүниеге келген. Үш жоғары білімі бар. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін «Саясаттану» мамандығы бойынша, Қарағанды қаржы институтын «Қаржыгер» мамандығы бойынша, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының магистратурасын бітірген.

Еңбек жолын 2006 жылы ҚР Ақпарат және спорт министрлігі Ақпарат және мұрағаттар комитеті бұқаралық ақпарат құралдары басқармасының бұқаралық ақпарат құралдарының мониторинг бөлімінің жетекші маманы болып бастады.

2006 жылдан 2010 жылға дейін Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде түрлі лауазымды қызметтерді атқарды.

2010 жылдан 2013 жылға дейін «2011 жылғы 7-ші қысқы Азия ойындарының атқарушы дирекциясы» АҚ маркетингтік саясат бойынша бас менеджері, «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ жобалар бөлімінің менеджері, «Самұрық-Қазына» ҰҰҚ ақпараттық-талдау департаментінің бас менеджері қызметтерінде еңбек етті.

2023 жылдан қазіргі уақытқа дейін Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің коммуникациялар бөлімі менгерушісінің орынбасары қызметін атқарған.

• ЕРТЕҢ – ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ

## Шедеврлер шыққан шеберхана

Сегіз шаршы метр. Үйдегі шағын шеберхана. Ұядай бөлме. Отыз жыл болды. Шебер Аманжан Сәдуақасов осы жерден үш мыңдай домбыра шапты. Қолдау көрсетілсе, шағын шехты кеңейтіп, қастерлі өнерді өзгелерге де үйретер едім дейді. Алайда, ол – алыстағы арман-ау. Өйткені, мұны өтінпін жүргеніне қанша болды, бір қайырылған ешкім жоқ. «Домбыра күні бәленбай домбырашы күйі тартты деген секілді науқандық сипат алып барады» дейді шебер. Онысы да орынды.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Талай «шедевр» шыққан шеберхана. Аршадан домбыра шабатын Арқадағы жалғыз шебер – кезекті тапсырыстың қамында. Әйгілі күйші Секен Тұрысбек екі бірдей домбыраға тапсырыс беріпті. Арша және американдық жаңғақ ағашынан. Дәулескер күйші екеуінің де күмбірін ерекше көріп қалыпты.

– Жаңа домбыра да жүген-ноқта тимеген, ертоқым салынбаған асаудай болады. Бірталай уақыт бастықтыру керек. Соны күтіп отырмын. Домбыраның қалыбы дайын, дегенмен, әлі көп шаруасы бар. Пресі, пернелері салынады. Мойнын жіңішкертемін. Ысқылап тазаланады. Боялады. Соның тиеті қойылып, ішегі тағылады. Тауір домбыра дайындауға кем дегенде жарты ай уақыт кетеді, – дейді шебер.

Қадыр Мырза-Әлі айтқан домбыраның қадірін ертеден түсінген Аманжан шебер тоқсаныншы жылы жасаған ең алғашқы домбырасын алып келді. Бетіне қонған шаңды бір қакты да, күмбірлетсе жөнелді. Қалақ домбыра мен тұмар домбыраға ұқсатып шапқан. «Қанша уақыт

өтсе де, жақсы домбыраның дауысы еш өзгермейді, ескірмейді» дейді. Осылайша, шебердің ең бірінші тәлуындысы төрінде тұр. Одан кейінгі бала домбырасы да әлі сақтаулы. Ұлы Рахатқа жасап берген. Рахат та күйлі бала кезінде шебер шертеді. Қазір «Senim109» бірыңғай байланыс орталығының басшысы. Қауырт жұмыстан қажып келгенде, арша домбырасын қолына алып, күйін күмбірлетеді, енін шарқайды. Ал, бала домбыра немерелерінің қолынан түспейді. Тек бұл ғана емес, қалақ домбыра, тұмар домбыра, үш ішекті домбыра, қозықұйрық домбыра, кеңшанақты домалақ домбыра шеберханасында тұр. Кейін мұражайдың қадесіне жарап қалар дейді. Несін жасырайық, шебер домбыра шабатындар көрмеден де, көп жерден де шақырусыз, шеткері қалды деп өкпелі.

Қателеспесек, 1998 жылы «Үкілі домбыра» байқауы өтіп, аршадан жасалған әйгілі домбыра Құрманғазы атындағы жүлдені иеленіпті. Бірден әлгі домбыраны Астрахандағы Құрманғазының музейіне аттай қалап алған. Тағы бір дәстүрлі өннің дүлдүлі Мейірхан Адамбековке арнап жасаған арша домбырасы Алматыдағы мультимедиялық музейдің төрінде тұр. «Ал,



қазір көрмеден де, көп жерден де қалдық», – дейді шебер.

Аты алысқа тараған Аманжан шебердің арша домбырасы Нұрғиса Тілендиев, Мағауия Хамзин, Қаршыға Ахмедияровтай күй алыптарын тәнті етті. Ғалым Мұхамеддин, Серік Оспанов, Жақсыкелді Кемалов, Аманжол Әлтаев, Дәуренбек Әркеновтердің талғамынан шыққан туындыларға әрине, тапсырыс көп түседі. Бірақ, шебер айына екі домбыра ғана шабады. Бабымен жасалған домбыра шешен болады.

– Қазақтың қара домбырасын қорлауымыз керек. Арзан ағаштан жасалған домбыра нарықты жаулады. Түрлі цехтар бір айда 150-200 домбыраны көлем көрмейді. Бұлай өндіретіндей домбыра құрылыс материалы емес. Шебер ең алдымен күйші, не өнші болу керек. Құр аспапты жасағанға мән болмай, домбыраның әр дыбысын тереннен ұғыну керек, – дейді алтынқол Аманжан аға.

Қашау ұстаған отыз жыл. Соның нәтижесі міне, талай мәрте теледидардан сөй-

леді. Тілшілер очеркінің кейіпкері болды. Шебер соның бәрінде ойын ашық айтты. Домбыра шабу өнерін өгейсітпеу керектігін. Бірақ, бірақ, бәрі – үнсіз...

Шеберіміз – ән мен жырдың бесігі Ақтоғайдың тумасы. Талдықорғандағы Жетісуға танымал «Алтын дән» ансамблінің жанынан құрылған шеберханаға шақырылған кезден бастап домбыра жасауға кіріскен. Арада уақыт өтеді. І.Жансүгіров атындағы Талдықорған педагогикалық институты басшылығының қолқасымен оқу орнының ішінен шеберхана ашады. Шәкірт баулып, аспаптары бір-екі жылдың ішінде республикалық байқауларда топ жарды.

Кім білсін, шебер Жетісуда қалар ма еді... Алматыдағы кезекті бір домбыра жасаушылардың додасында қола жүлдені қанағат етіп тұрған Аманжан шебердің қасына Мағауия Хамзин келеді. Келеді де «елге қайт» деп ақылын береді. Өйткені, Қарағанды, Балқаш «орыстанып» кеткен еді ол кезде.

Ағаның айтқанын аманат етіп қабылдап алған ол бірден шешімін қабылдайды. Балқаш өкімдігі ұлттық орталық ашып жатқан кез еді. Орталықтың шеберханасын береді. Баспанасын да тарту етеді. Бес жылға келісімшарт жасасады. Сол уақытта өнер ұйымдарын қажетті аспаппен қамтиды. Сөйтіп, уағдаласқан уақытқа дейін еңбегін етеді де, Қарағандыға қоныс аударады.

► 3-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

• EUR/KZT 513.37

• USD/KZT 475.39

• RUB/KZT 5.40

• CNY/KZT 65.39

Қазақстан Ұлттық Банкінің 5 шілде, 2024 жылғы дерегі бойынша



## • ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ

## «Ешбір ана назардан тыс қалмайды»

Облысқа жұмыс сапарымен Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі, «Ауыл» партиясы фракциясының мүшесі Қарақат Абден келді. Маңызды жүзесуге «Ауыл» партиясы Қарағанды облыстық филиалының, Қарағанды облысы әкімінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның және қалалық отбасын қолдау орталығының өкілдері ұйытқы болған.



Ерканат КЕЧЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Іс-сапары барысында Қарақат Жаксылыққызы облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың қабылдауында болып, әрмен қарай биыл ақпан айында есігін айқара ашқан қалалық отбасын қолдау орталығына бас сұқты. Бұл мемлекеттік орталықтың штат саны 29 адам болғанымен, мұнда әлеуметтік жұмыс жөніндегі облысқа белгілі кәсіби мамандар, заңгерлер, психологтар, теолог, наркологтар қызмет атқарады.

Халық қалаулысы ретінде аймақ-аймақты ұдайы аралап жүреміз. Осы тәртізде орталық қазірде әр өңірде бар. Бюджет бүйірінен ұқсас көлемдегі қаражат бөлінгенімен, іс жүзінде ахуал – әркілі. Бұл орайда облыс басшылығының еселеі белсенді атап өткен абзал. Әлеуметтік мәселелер ең маңызды дүние. Мұны естен шығармаған дұрыс. Несін жасырамыз, өзім де – көпбалалы анамын. Аналар әрдік баласын дамытатын заманауи орталыққа апарғысы келеді. Ақыл-кеңес алғысы келеді. Тұрмыстағы зорлық-зомбылық қайдан келеді? Өйткені, біз тәрбиенің талбесіктен екендігін «ұмытып» барамыз. Рухани өзегі мықты отбасы ажыраспайды. Сосын, қордаланған мәселенің дені ауылдық жерде жасырылып жатыр. Сондықтан, қай іс болсын, сапалы атқарылса, ол шаруаның құмыры ұзақ, негізі берек болмақ. Мақсатым да алдымен қарапайым халықтың көкейін күпті қылған сауалдарын тындап білу еді, – деп қайырды Қарақат Жаксылыққызы.

Орталық ювеналды сотпен бірлескен жұмысты жүзеге асы-

ра отырып, әлеуметтік қолдау шараларын анықтау, әрмен қарай ауыр жағдайдағы отбасыны тәуекел аймағынан шығару, психология, құқық, медицина және жұмыспен қамту саласындағы мамандарды тарту бойынша жүйелі жұмыс жүргізеді. Мемлекеттік қызметтер мен әлеуметтік көмек алу мәселелері бойынша ақпараттық-әдістемелік, консультациялық сүйемелдеу ісін жүзеге асырады.

Аналар қауымы әлдеқандай көмек пен кеңеске зору кезінде бұрынғыдай әр мекемені бір жағалап жүрмей, көп істі бір нүктеде тәмамдарлық қауқары бар осы орталыққа жүгіне алады. Шыны керек, қызметін енді бастағанымен, аталған мемлекеттік мекемеге әйелдер қауымының артар сенімі мол. Зандық, психологиялық әрі мемлекеттік қолдаудың көбісі осы жерде орталықтандырылған негізде іске асады. Мемлекеттік бағдарламалар да осында жүзеге асып жатады. Яғни, бір терезе қағидаты бойынша жабдықталған заманауи орталық ел үмігін ақтайды деген сенім көміл, – деді облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиясы төрағасының орынбасары Айжан Қиясова.

Орталықтың қызметімен танысқаннан кейін Мәжіліс депутаты жаңадан ашылған «Кәусар» оқушылар сарайының тыныс-тіршілігімен танысты. Мұндағы кездесуге «Ауыл» партиясының өкілдері, Қарағанды облысы әкімінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның мүшелері, облыс әкімінің гендерлік теңдік мәселелері жөніндегі

штаттан тыс кеңесшісі, көпбалалы аналар, әйелдер қанатының көшбасшылары, үкіметтік емес ұйымдарының өкілдері, облыстық, қалалық, аудандық мәслихат депутаттары қатысты. Кездесуге қатысушылар пікір алмасуға және оларды толғандыратын мәселелер бойынша түсініктеме алуға мүмкіндік алды.

Мәжіліс депутатының пікірінше, ауыл әйелдерінің білім деңгейін көтеру қажет. Шалғайдағы әйел атаулы көбіне өз құқығын білмегендіктен, нақын қай жерде қорғай алатынын түсінбей жатады. Сондықтан, ең алдымен, ақпараттық жұмысты күшейту керек. Нақты алгоритм беру, қайда бару керек және қандай да бір жағдайда не істеу керектігін түсіндіру амалдары кемшіл болмауының мәні терең деп санайды Қарақат Жаксылыққызы.

Халық әр баланың дамуы үшін қолайлы жағдай болғанын қалайды. Ендігіде кез келген мәселені шешу деңгейінен оның алдын алу деңгейіне өту қажеттігі сұранып тұр. Яғни, профилактикалық және идеологиялық жұмыс лайықты деңгейде жүргізілуі маңызды. Ешбір әйел назардан тыс қалмауы керек. Білесіздер, қоғамда сан алуан пікірлер легін туындатқан тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы Заң қабылдадық. Ауыл-аймақта қиындыққа тап болған отбасы өз депутатын білуі және оған жүгіне алуы керек. Ең болмағанда кеңес алу үшін қонырау шалуға болатын байланыс орталықтарын ұйымдастыру қажет, – деп қосты депутат.

Суретті түсірген  
Александр МАРЧЕНКО

## • ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

## АЭС: Қуат тапшылығына ұрынбас үшін

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында Қазақстанда атом электр станциясын салуды еліміздің болашағына қатысты аса маңызды мәселе екенін атап өткен болатын. Осыған байланысты Қарағанды қаласындағы «Достық» үйінде Қазақстанда атом электр станциясын салу мәселесі бойынша жария талқылау өтті. Оған облыстық және қалалық мәслихат депутаттары, қоғамдық кеңес мүшелері, экологтар, энергетика саласының, азаматтық сектордың өкілдері, кәсіпкерлер және Қарағанды өңірінің басқа да белсенді тұрғындары қатысып, атом энергетикасы туралы толығырақ түсінік алуға, өз пікірлерін білдіріп, мамандарға сұрақтар қоюға мүмкіндік алды.

Салтанат ІЛНИЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жария талқылауға энергетика, атом энергетикасы саласының мамандары, құзырлы мекемелердің өкілдері шақырылды. Еліміздің Энергетика министрлігі, «Қазақстан атом электр станциялары» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Ядролық физика институтының мамандары қатысқанын айту керек.

Егер болашақта атом электр станциясы салынатын болса, атмосфераға зиянды шығарындылар көлемін жыл сайын шамамен 7-10

олар белсенді және пассивті қайталанатын қауіпсіздік жүйелеріне не екенін айтады.

Оларды жасау кезінде радиацияның өндірістік алаңнан тыс шығуын қорғау принципі қолданылады. Мұндай тұжырымдама «Жобалау сатысындағы апатты жою» деп аталады. Ауыр төтенше жағдай ықтималдылығы 10 миллион жыл ішінде бір рет болуы мүмкін. Санитарлық-қорғау аймағы АЭС алаңымен шектеледі, – деді Ерлан Батырбеков.

Ал, «Қазақстандық атом электр станциялары» ЖШС Бас директоры



миллион тоннаға азайтуға мүмкіндік береді. Сарапшылардың айтуынша, электр энергиясын тұтынудың өсуіне ескере отырып, Қазақстан елдің қажеттіліктерін тұрақты қамтамасыз ету мақсатында жаңа базалық қуаттарды іске қосуды қажет етеді. Қазіргі жағдайда қолданыстағы қуат көздері ескірген. Оны ауыстыру – ең перспективалы шешім. Одан бөлек, Қазақстанда атом энергетикасын дамыту үшін барлық артықшылықтар бар. Бастысы – елде шикізат пен өндірістік база да жеткілікті.

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығы» РМҚ бас директоры Ерлан Батырбеков қазіргі заманғы реакторлар өте сенімді,

Тимур Жанткин атом электр станциясының ел дамуына мультипликативті әсер беретінін айтты. Атап айтқанда, оның құрылысы кезінде 8 мыңға дейін адам жұмылдырылады, ал пайдалану кезінде 2 мыңға дейін жаңа жұмыс орны ашылады. Өнеркәсіп объектілері мен қарапайым тұтынушылар кем дегенде 60 жыл бойы сенімді энергиямен қамтамасыз етіледі. Елдің инвестициялық тартымдылығы артады, ал бүкіл өмірлік цикл үшін салық түсімдері шамамен 2,5-3 млрд. долларды құрамақ.

Отандық мамандар жұмыс істеп тұрған реакторлардың бірнеше түрін зерттеп, технологияларды

әлеуетті жеткізушілер ретінде төрт компанияны таңдады. Олар ресейлік «Росатом», француздық EDF, қытайлық CNNC және корейлік CHNP, – дейді Тимур Жанткин.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атом энергетикасы және өнеркәсібі департаменті директорының орынбасары Гүлмира Мүрсәлімова атом реакторлары ұзақ жылдар бойы үзілсіз жұмыс істей алатынын, бұл электр энергиясының тұрақты өндірісін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретінін атап өтті. Ал, жыл сайын энергия тұтыну осуде. 2035 жылға қарай оған экономика мен ел халқының қосымша қажеттілігі 18 ГВт-тан астам жаңа генерацияны құрамақ.

Қазақстанда АЭС салу үшін әлеуетті алаң – Алматы облысындағы Балқаш көлінің жағалауында орналасқан Үлкен кенті. Бұл аймақ жерге жүргізілген зерттеулер негізінде таңдалған.

Жария талқылау барысында қарағандылықтар үшін ең маңыздысы – өңірдің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және станцияның

Балқаш көліне ықтимал әсері, сондай-ақ, АЭС пайдалану үшін білікті кадрларды даярлау мәселесі болды.

Гүлмира Мүрсәлімова құрылыстың Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік мамандарының мұқият бақылауымен өтетінін айтты.

Жария тыңдауларға қатысушылар АЭС құрылысының барлық ерекшеліктерін бағалауды жалғастыру керек деген пікірмен тарқасты. Алайда, түпкілікті шешімді қазақстандықтардың өздері қабылдайтынын айту керек.

Суретті түсірген  
Фархат КИЖИТАЕВ

## • РЕСМИ

## Ақтоғай ауданының әкімі лауазымына үміткерлердің назарына!

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 28-бабына сәйкес, «Сауатқа аяраға» ЖШС облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің редакциясы сайлау науқаны аясында облыстық маңызы бар қалалар мен аудандар әкімі лауазымына үміткерлердің барлығы өздерінің сайлау үгіт-насихат аясында сайлауалды материалдарын газетте жариялауға құқылы екенін хабарлайды.

«Орталық Қазақстан» газетінде 1 шаршы метр құны ҚҚС-пен 330 теңгені құрайды.

Мемлекет кандидаттарға 0,1 баспа парағынан (немесе 540 шаршы см) аспайтын көлемдегі екі мақаланы жергілікті мерзімді басылмаларда жариялау үшін бірдей қаражат бөлуге кепілдік береді.

Ақтоғай ауданы әкімінің лауазымына кандидаттарға газет орнын беруге бұқаралық ақпарат құралы атына жазылған жазбаша өтініш негіз болып табылады.

Бұқаралық ақпарат құралдарында сайлауалды материалдарын жариялау кезінде қаржыландыру көздері туралы ақпарат болуы тиіс екенін естеріңізге саламыз.

## Ауыл әкімдерінің әлеуеті зор

Қарағанды облысында саяси реформаларды жүзеге асыру мәселелері талқыланған ауыл әкімдерінің форумы өтті. AMANAT партиясының облыстық филиалы ұйымдастырған форумға екі жүзге тарта адам қатысып, онда мемлекеттік сатып алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамаларына енгізілген өзгерістер, тағы басқа да маңызды мәселелер талқыланды. Одан бөлек, жиын барысында әкімдердің тұрғындармен кері байланысты тиімді ұйымдастыру мәселелері де талқыланды. Форум жұмысына аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев қатысты.

Салтанат ІЛНИЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жиынға облыс әкімінің орынбасарлары, «Аманат» партиясының хатшысы Ержан Жылқыбаев, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары Құдайберген Бексұлтанов, Арман Қалықов, Бауыржан Смағұлов, Унзила Шапақ, облыстық мәслихат хатшысы Нұркен Кобжанов, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Қарағанды филиалының директоры Серікжан Байбосынов та қатысқанын айту керек.

AMANAT партиясының облыстық филиалы ұйымдастырған Форум – Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси

реформаларын жүзеге асыру жолдарының бірі. Кездесу жемісті болатынына сенімдімін. Форумнан кейін қатысушылар өздерінің күнделікті жұмысында табысты пайдалана алатын жаңа білім мен дағдыларға ие болады, – деді Ермағанбет Қабдулаұлы.

Форум ауыл әкімдерінің жұмысын жетілдіру алаңына айналғанын айту керек. Одан бөлек, партиялық жобаларды іске асырудың негізгі сәттері, сондай-ақ, инфрақұрылымдық және әлеуметтік мәселелерді шешу, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту қажеттілігі туралы мәселелер талқыланды.

Бұрын мен ауылда кәсіпкерлікпен айналысқанмын. Тоғыз ай бұрын Шет ауданының Талды ауылдық округінің әкімі



болып сайландым. Осы уақыт ішінде біраз жұмыстар атқарылды. Атап айтар болсам, электр желілері қалпына келтірілді, наубайхана мен әлеуметтік дүкен

ашылды. Одан бөлек, орталық саябақ пен саяжалдар абаттандырылды, әкімдік жөнделген ғимаратқа көшті. Берекет ауылында су құбыры, жаңа фельдшерлік-акушер-



лік пункт құрылысы басталды. Мектеп те жөнделуде, стадион абаттандырылуда, – деді форумға қатысушы Нұрлан Әбжанов. Ермағанбет Қабдулаұлы азаматтар мен оларға қолайлы жағдай жасау әрбір басшының басты назарында болуы керектігін атап өтті.

Өңірде болып жатқан оң өзгерістерді әрбір тұрғын сезінуі керек, – деді облыс әкімі.

Бүгінде ауыл әкімдерінің алдында халықтың әл-ауқатын қамтамасыз ету бойынша ауқымды міндеттер тұр. Мұның бәрі тәжірибе алмасуды және түрлі саладағы білімді қажет етпек. Осы мақсатта форумға қатысушылар кәсіби жақтықтарының жетекшілігімен семинар-тренингтерге қатысқанын айту керек. Өз кезегінде мұндай алаңдар мемлекеттік басқарудың тиімді моделін құруға ықпал етпек.

Кездесу «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыруға және сайып келгенде, ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға ықпал ететін болады.

## • БІЗДІҢ СҰХБАТ

## «Домбыра – кие»

Ежелден күйдің тілін түсінген халық едік. Тілмен жеткізе алмайтын құдіретті екі шекті домбыра жеткізеді. Бауырыңа басып отыратын шапаққа дүниенің тылсымы сыйып кетеді. Сол үшін де бізге домбыра жай ғана музыкалық аспап емес. «Домбыра – қазақтың жаны», – дейтініміз бар. Ал, жан дегенің тіл қатпай қоймайды. Әсіресе, селеуі мен жусаны самалмен тербелген кең жазыраға қарап отырып ойға шоматын Арқа жұртының жүрегіне қонған шерпте күйдің орны айрықша. Қоңыр кеште «Қосбасармен» мұң кешкен, көкірек тереңіндегі зарын ақтарған қайран ел! Дара дарындар қалыптастырған Арқадағы күйшілік мектеп бүкіл Алашқа аян. Жаратқаннан дарыған қасиет үзіліп қалмақ емес. Қарағандыда бүгінгі дәулескер күйшілер құрметтейтін, талантты мойындайтын Қалкен Қасымов есімді күйші тұрады. Ол – ғасырлардан ғасырларға жалғасып келе жатқан мәртебесі биік мектептің ірі өкілі. Ұлттық домбыра күні қарсаңында ақсақалмен күй құдіреті мен домбыраның қадір-қасиеті хақында сұхбаттасқан едік.

– Ұлттық домбыра күні – бұл күнде ісі қазақ құттық атаулы күн. Киемізге айналған ұлттық аспаптың бізге айтары да, берері де мол. Ғұмырын күйге арнаған Арқадағы қадірменді азаматтың бірсіз. Сіз үшін Ұлттық домбыра күні қандай мәнге ие?

– Ұлттық домбыра күні біз үшін, әсіресе, күйді қастерлейтін халық үшін зор маңызға ие. Осы ұлттық аспабымызға көңіл бөлетін жөніміз бар. Күйшілік – тұқым қуатын, тек қуатын қасиетті дарын. Сөкен Әбішев деген қартымыз болған. Ол «Домбыраны қастерлеу керек. Домбыра – қасиетті аспап» деп отыратын. Қазір қарасаңыз, әркімнің үйінде домбыра бар. Әлбетте, бұл көңілге қуаныш ұялатады. Бірақ, әркім оның қадіріне жетіп жатқан жоқ. Біреу үшін домбыра үйдің төрінде ілініп қана тұратын, болмеге әр беретін бұйым сияқты. Немесе, көрінген жерде жатады. Сондай көріністі көргенде, көкірегім қарс айырыла жаздайды. Домбыраның киесі бар. Ал, кие кейде қадірін білмеген жерден көшіп кетеді. Мысалы, Тәттімбеттің елінде Тәттімбеттің саусағынан тамған 40 күй бар дейді. Сол жақта ұлы күйшінің соңынан ерген ізбасарлары қалмапты. Күй Кәрсөн-Керней еліне қонды дейді үлкен ақсақалдар. Бұл сөздің жаны бар. Кәрсөн-Кернейден қанша күйші шықты. Қыздарбек, Әбди, Сембек, Кәрібек, Мақаш, Ақмолда, Исатай, Рысқұлбек, Қараның Аманы деген күйшілер болған. Ақтоғайдан шыққан Ақкыз әжеміздің өзі – бір биік тау. Қарап отырсаңыз, бұл күнде Қарқаралыда шерпте күй тартағын күйші жоқ.

Мәселен, маған осы қасиет нағашыман дариған екен. Бала кезімде сол нағашымның күй шерткенін тыңдап отыратынмын. Сол уақытта бала болсам да, кеудемді бір тылсым құдірет билеп ала-

тын. Ғұмырымның әр белесін аттаған сайын, соның нендей құдірет екенін түсініп келемін. Нағашы ағам маған қалақ домбыра сыйлаған еді. Сол кезеңде қалақ домбыра деген өте тапшы болатын. Тіпті, жоқтың қасы. Себебі, ашаршылық уақытында күйшілермен қоса жоғалды. Содан бері домбыра – жан серігіміз!

Домбыра кез келген адамға бауыр баспайды. Домбыраны адам үйренбейді, негізі. Домбыра қонады. Мысалы, мен үйренемін деп шерптен жоқпын. Маған үйрет деп нағашыма өтінген де емеспін. Өзі қонды.

Жас кезімде Қарағандыдағы «Сарыарқа» оркестрінде өнер көрсеттім. Оркестрдің белді мүшесі болдым. Онда көбіне төкпелеттік. Бірақ, шерпте күй мені алысқа жібермеді. Бәрібір өзіне баурап алды.

– Арқаның шерпте күйі деп жатамыз. Той-томалақтан, немесе, бір отырыстарда күйден сәл де болсын хабары бар адам орындаудың төкпені де, шерптені де сұрап жатады. Шерпте күйдің табиғаты қандай? Шерпте күй қай жерде шертілуі тиіс?

– Жеріміз – байтақ. Соған қарай әр өңірдің менталитеті, мінезі басқа. Тіпті, салт-дәстүрлері де бір-біріне ұқсамай жатады. Күй шертістері де бөлек. Шерпте күйге тек Арқаның елі ғана құмар. Төкпе күй Батыстағы жұртқа тән. Шығыста да төкпе күй. Шығыста негізі шерпте күй бар. Бірақ, бәрібір Арқаникі өзгеше. Күйлер өңірдің табиғатына, сондағы жұрттың мінезіне қарай туады.

«Қосбасар» күйінің табиғаты, болмысы бәрінен дара. Қазақ айтарын тікелей, бәріне түсінікті тілмен айтпаған. Жорамалдап сөйлескен. «Қосбасардың да» атқарған міндеті осы болған. Жан баласына айтпайтын сырын өзінің мұңдасы-

на қазақ осы «Қосбасармен» жеткізген. Екеуара күймен сөйлескен.

Ақселеу Сейдімбеков «Күй – шежіре» деген. «Қосбасарда» әр заманның келбеті мен үні бар. Нәубет көрген қазақтың зары, мұңы, бәрі осында. Сонау алыс замандарға жетелейтін қоңыр ой – «Қосбасар» дегеніңіз.

Әбдидің «Шер қосбасар» деген күйі бар. Байлар қудаланған, халқымыз аштан қырылған, зиялыларымыз жаламен атылған сұм ғасырды сезінген, көрген, естіген жүректің шері. Осы күй арқылы «Қосбасар» күйлерінің болмысын толықтай түсінуге болады. Сол себепті де бұл күйдің табиғаты той-думанға мүлде сәйкес емес. Әбдидің «Тәубе қосбасары» бар. Жалғыз шешек ауруынан қайтыс болғанда туған күй. Жаратқанға «Елім, жұртым аман болсын» деп тәубе етеді күй тілімен. Сосын, «Қарғыс қосбасар» дегені бар Әбдидің. Нәубет заманды қарғаған күй. Бұл күй көпке дейін шертілмей жүрді. Мұны бізге жеткізген – Жағыпар Асқаров деген күйші.

– Ұлттық домбыра күні дейміз де, пәленбай орындаушыны бір жерге жинап алып жаппай күй тартыс өткіземіз. Төкпе күй тартылса, жөн. Кейде шерпте күй де тоңтық тартысқа түсіп кетеді. Осымыз дұрыс па?

– Мен біраз орындаушыларға «Екі-ақ шектен шыққан күйді оркестрге келтіре алмайсыңдар», – деп талай айтқан едім. Шерпте күй арқалаған зарды, шерді, нәлінен оркестр мүлде жеткізе алмайды. Екеуі бір-біріне жат. Шерпте күйді оркестрге салуды доғаруымыз тиіс. Көбі осы пікірім үшін маған өкпелеп қалған. Оркестрге арналған шерпте күйлер бар екенін жасырмаймын. Бірақ, бәрі емес.

– Күй тілін түсінетіндер бар ма бұл күнде? Сол тылсымның, құдіреттің тілін ұмытып бара жатқан жоқпыз ба?

– Әрине бар. Тіпті, көп. Мысалы, әкелеріміздің құрдасы Қыдырәлі деген ақсақал болған. Ол ән айта алмайтын. Сол жағынан дарынсыздау еді. Бірақ, күй тыңдаған кезде көзінен жас төгілетін. Радиода Әбікенің күйлері шертілетін. «Қайран, Әбікен! Асылым-ай, зарлатты-ау!», – деп отыратын. Мәселен, биыл Ақкыз күйшіні еске алуға арналған үлкен күй кешінде Ақкыздың «Жетім қыз» деген күйін шерттім. Кештен кейін сол залда отырған өже жаным келіп, бауырына басып, танданысын жеткізген еді. Күй кештерін өткізіп жүрген қаншама азамат-



(Соңы. Басы 1-бетте)

тар бар. Олар күйді түсінген соң ұлттық мұраға жанашырлық танытып жүр.

– Неше домбыраның бар?

– Бес домбырам бар. Өзім де домбыра жасаймын. Қолдан келетін іс.

– Өзіңіздің авторлық күйлеріңіз туралы айтып беріңізші...

– Шешем 8 құрсақ көтерді. 2 ұл, 6 қыз. Дүниеге жалғыз бауырым келгенде қатты қуанған едім. Жер-көкке сыймай, маңайдың бәріне сүйіншілеп, шаттанғаным әлі есімде. Сол кездегі қуанышты сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Жалғыз бауырым 1993 жылы жол апатынан мерт болды. Қазасы өте ауыр тиді. Соңында 3 баласы қалды. Келінім аман қалды. Бауырымды ақтық сапарына шығарып салған соң «Бауырым» деген күй туды. Тағдырлы туынды. 90-шы жылдарда тұрмыс қиын болды ғой. Біраз ел сенделді. Оңайға соққан жоқ. Төңірегіндегі елге, ағайын-туысқа алаңдайсың. Заманның келбетіне қарап мұңға бататынымын. Міне, сол кезеңде «Мұң» деген күйім дүниеге келді. Бұл күйлер «Қазақтың 100 күйі» деген кітапқа енді. «Қазақ күйлерінің антологиясына» жазылды.

– Ақсақал, сізді Ұлттық домбыра күнімен құттықтаймын! Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілеймін! Домбыра Алашпен бірге жасай берсін! Сұхбаттасқаныңызға зор алғыс!

Сұхбаттасқан  
Ерік НАРЫН  
«Ortalyq Qazaqstan»

Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан

## • СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

## Әдебиеттегі әуезді әлем

Қазақ пен домбыра егіз. Киелі аспап сөзсіз, қазақ әдебиетінің төрінің де төбесінде. Қарақөз жұрттың шежіресіндей болған қос ішекті аяулы қалып елдің жаны мен рухының бізге жеткен куәгері дерсіз. Ықылым заманнан бері осы бірегей музыкалық дәнер әдебиеттің әксер әлемінде өзіне көрініс тауып, ұлттық бірегейліктің, мәдени мұраның өлмес, көнермес нышанына айналды. Назды ұн, сылқылдақ мұң, сартап сарын қазақы сөз табиғатына дендеп кеткелі қашан...

Ерканат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

## Тиек

Тарихи тұрғыдан қу таяққа тартылған қос ішек қазақтың көшпенді өмір салтының ажырамас бөлігі болғаны аян. Оның тоғыз пернесінен шартарапқа ұшқан құстай әуеленген әуез күнделікті тұрмыс пен ең маңызды рәсім-жоралғымен біте қайнасты. Сырбазданған сырлы саз ауыз әдебиетіндегі дәстүр мен аңызды ұрпақ жадында жартастан талып естілген жаңғырықтай жаңғыртты, томаға тұйықтықтың тораңғысында жасырынбады. Ө деген бетте Анакарыстан Абайға дейінгі адуынды сөз жылнамасында домбыра Алаш сөзінің дәтіндегі қалыпта бейнеленді. Қай жанрды алсақ та тәңірінің күбіріндей күй сыйлаған тоғыз перне, қос ішексіз елестету әсте мүмкін емес. Осы тұрасында сан мәрте айтылды да, жазылды да. Осы аралықта домбыра даналық пен руханият мәйегінің өлмес нышаны, пәлсапаның пырағы ретіндегі рөлін қалтқысыз атқарып шығады. Қасиеті бөлек қара домбыраның ежелгі дәуірінен бастау тамыры терең тарихы бар.

Мәселен, археологиялық олжалар біздің дәуірімізге дейінгі қадым замандарда домбыраға ұқсас ішекті аспаптың болуын растайды. Тарихшы ғалымдардың айтуынша домбыра кезінде 4000 жыл жасаған уақыт безбені. Домбыра Махмұд Қашғаридің әйгілі «Диуану лұғат-ит-түрк» («Түркі сөздерінің жинағы») атты еңбегінде айтылып, күмбірі күнде естілетін қастерлі қазынамыздың көшпенді мәдениеттің маңызды нышаны ретінде сипатталады. Тарих пен тағдырдың сан талқысына түссе де 50-ден астам эпикалық шығармалар осы қоңыр шанактың сүйемелдеуімен ұрпақтан-ұрпаққа жалғасты. Ауыз әдебиетінің «Қо-

быланды батыр», «Алпамыс батыр» және «Ер Тарғын» деген қатардағы батырлар жырында, сандаған эпос пен аңыздарда қос ішектен тараған әуез қапысыз жырланады. Осылайша қара домбыра баяндаушының серігі болып қана қоймай, ондағы көңіл-күйді жеткізу құралы ретінде де қызмет еткен.

## Перне

XX ғасырдағы домбыра қазақ әдебиетінің өзгеше жырланған үлгісі қалыбына енеді. Заңғар Мұхтар Өуезовтің шығармаларында домбыра көбінесе ұлттық бірегейліктің белгісіндей суреттеледі. Оның астарында отаршылдық езгіге қарсы тұрудың тұмары іспеттес қылануы да қаны тамған шындық. Мәселен, «Абай жолы» роман эпопеясында он тоғыз перненің қоңыр үні халықтың қайғы-қасіреті мен үмітінің үзімін білдіретін жан дауысы рәуішті естіледі. Қазақ жазушылары төл туындыларында түп тиекті аспап ұғымын лайықты деңгейде көрініс табуына ықтияр болып, XX және XXI ғасырлардағы проза мен поэзияда домбыра ұлттық мақтанш пен мәдени мұра күйінде әспеттеледі. Сонау дулығалы дәуірлерден бермен қарай Лияз Жансүгіров, Олжас Сүлейменов, Қадыр Мырза-Әлі, Жүмеке Нәжімеденов, Қасым Аманжолов, Мұқағали Мақатаев, Тәкен Әлімқұлов, Серік Ақсұңқарұлы, Абзал Бөкен, Сайлау-хан Нәженов, Таласбек Әсемқұлов, Өмір Кәріп, Төрхан Майбас, Базар Мамыр, Тұрсын Жұмаш, Қалқаман Сарин, Мирас Асан, Жанат Жаңқашұлы, Жәлел Қуандықұлы, Ерік Нарын шығармаларында домбыра көбінекі отаршылдық атаулысына қарсылық пен бостандық рухын айқынырақ аңғартады. Сөз иелері өткен мен бүгінді, дәстүр сабақтастығы мен қазіргі шындықты байланыстыра жырлайды. Әлбетте, қай ақын қай жазушы болсын, қа-



Қолжазба жасаған А. РЫСҚАЛЫН

лам ұстаған қауым шығармаларында үкілі домбыраны арқау етпей кетпейді. Арагділік есім-сойы аталмай қалған қаламгерлеріміз қалса, ғафу өтінеміз.

Домбыраға арналған әдеби туындылар өркеуде өркеніет заманында да өліні тірілігі, қара жердің қойнауынан суырып аларлық өрішіл пәрменге ие. Құбылғыдай құбылған қоғам жағдайында мәйекті мұра ұлттың рухани бірегейлігін қаз қалпында сары майдай сақтайды. Әдебиеттегі домбыра – өркеніетке өршелене асыққан тасыр қоғамды жеңінен ұстап, өткені мен ертеңін таразылатады. Тамырына үңілтеді. Кермеге ат байлаған келімеске мәдениеттің жүзін жерге қаратады. Иә, мұқым алты Алаңқа аян ақ домбыраның қасиетінен айналып кетпелі. Қазақының қай қиянында болсақ та, алдымен әдебиетті ауызша жетектеп, онан соң өзі ана тіліне айналып кеткен қасиетті қара шапаққа әрқайсымыз қарыздармыз ау, парыздармыз! Ендігіде әдебиетте заманауи бағыттардың бірі ретінде жаһандану мен

мәдени өзгерістер контекстіндегі домбыраның рөлін зерттеу маңызды болар. Талай шешен мен дәулескер күйші саусағының шылауы дарыған киелі аспапты жазушылар мен ақындар қазіргі күн жағдайында өзінің маңыздылығын қалай сақтай алатындығы, оның дыбысы әр түрлі ұрпақ пен мәдениеттің адамдарын қалай біріктіре алатындығы туралы ойлайтыны шүбәсіз. Мұндай асыл шығармалар шаңқар құндылығымыздың ұлттық қолының ажырамас бөлігі болып табылатындығын, өзінің бірегейлігін сақтай отырып, жана жағдайларға бейімделе алатындығын тереңірек түсінуге итермелейді.

## Шанак

Талғампаздың талайын тамсантқан қазақ әдебиетіндегі домбыра феномені тарихи, мәдени әрі рухани аспектілердің бірегей үйлесімі деуге толық негіз бар. Өнер атаулыдан үлессіз қалмаған халқымыздың шым түбіндегі терең тамыры мен бай дәстүрі сөз қазынасы арқылы

## Шедеврлер шыққан шеберхана

(Соңы. Басы 1-бетте)

Содан бері тоғызыншы қабаттағы үйінің сегіз шаршы метр шағын шеберханасында тіршілік кешіп жатыр. Күйбең емес, күй тіршілік. Арша домбырасына ағайын айлап-жылдап кезекке тұрады. Сондай беделі бар. Енді елге берері бар. Шәкірт тәрбиелеп, домбыра жасау өнерінің жас өркендеріне білгеніммен бөлісем дейді. Бірақ, оған бір өзі әзер сиятын шеберханада мүмкіндік жоқ.

Сіз бен біз ойлағандай, шеберханаға көп қаржы да қажет емес. Екі-үш станок, басқа да керек-жарағын алуға 5 млн. теңге жетеді.

Егер ойдағымыз орындалса өңірдегі өнер ұжымдары алыстан арбаласам еді, қу ағаш сабаласам еді. Аманжан ағаның бренд домбырасына қол жеткізетін еді.

– Қазір түгел оркестр, ансамбль Алматы, Шымкентке тәуелді. Егер, басшылық қолдаса, шеберхана жағынан көмектессе, сол аспапты өзіміз-ақ жасар едік. Маған ол жерден бір тиын қажет емес. Үш-төрт жігітті жаным алып, баулып, үйретер едім. Оларға – өнер, колөнерімізге – насихат. Нан табады. Алыпстан астық, енді қанша өмір қалды, бір Алла біледі. Жастарға үйретіп кету керек қой, – дейді шебер.

Өңгіміміздің соңына қарай Аманжан шебер Домбыра күні маңызын жоғалтып жатқанын айтып, тағы бір күрсінді. «Бәленбай домбырашы анау алаңда күй тартты» деген секілді нақандық сипат алғанын айтып.

– Құрманғазының күйлеріне қазақтың құлағы қанық. Тәттімбетті шерпте күйдің атасы деп біледі. Салған әні алты қырдың астынан жеткен Біржан сал, Ақан сері, Өміре сынды дүлдүлдердің мұрасы «Алтын қорда» сақтаулы. Алайда, солардың жан серігі болған домбыраны шапқан шеберлерден дерек жоқ. Ал, қазіргі домбыра жасаушыларды осы бір мерекеді ұлықтау керек деп ойлаймын. Я болмаса, шеберлер күнін белгілеу керек. Біз көп дүние сұрамаймыз, – дейді. Сөйтіп, әңгіме-дүкенімізге осылай нүкте қойды.

Шебер өзінің шығарған «Өкініш» күйін шертіп берді. Өзінің домбырасы – тіпті шешен. Бірақ күйші нендей өкініш екенін жұмбақ күйінде қалдырды...

Шеберхананың есігінен шыққанымыз сол еді, шебер есіктің шетін жедел шүберекпен қытап жатты. Өйтпесе, ондағы шаң үйге кіреді.

«Алтынқол шеберді шағын шеберханаға қамап, тынысын тарылтқанымызды-ай...» деген ойдың жетегінде редакцияға жеттім...



## Елордаға еңбек сіңіргендер еленді



# АЛТЫ КҰРЛЫҚТЫҢ АҚЫЛДАСТАР АЛАНЫ

(Соны. Басы 1-бетте)

Астана күні қарсаңында облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов ел дамуына, сонымен қатар, ел жүрегі Астананың құрылысына атсалысқан бірқатар азаматтарға салтанатты жиын ұйымдастырды. «Еліміздің астанасы – Ұлы Дала жүрегі» атты шарада Алғыс хаттар табысталып, ардагерлерге құрмет көрсетілді. Өнерпаздар өнер көрсетті, мемлекетіміз еңсерген белестер мен жетістіктер асқақ үнмен айтылды.

Мерекелік үстелдің алғысөзін облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов айтты. Ол дөңгелек үстел басына еліне еңбегі сіңген азаматтардың жиналғанын және оларға құрмет көрсету жас буынның міндеті екенін айрықша атап өтті.

– Құрметті біздің игі жақсылар, Сіздерді мереке қарсаңында көргеніме өте қуаныштымын! Еліміз үшін бұл – ерекше мереке! Астана – егемендігіміздің, елдігіміздің айқын айғағы. Осында Астананың құрылысына қатысып қана қоймай, бас қаламыздың бойтұмарына айналған нысандарды тұрғызып, дарынды сәулетшілер отыр. Сол сәулетшілер Қарағандыдан шыққанына ерекше қуанамыз! Біз сіздерді мақтан тұтамыз! – деді Нұрлан Бикенов.

Астананың 20 жылдығын ме-

мүшесі, Астанадағы «Қазақ Елі» монументінің маңын түрлі мүсіндермен сәндеген Мұрат Қалқабаев, «Қарағанды Промстройпроект» институтының бас инженері, Елорданың алғашқы құрылыс жобаларына қатысқан Юрий Дунаев марапатталды. Сонымен қатар, Есіл жағалауындағы көптеген маңызды ғимараттарға инженер болған Виктор Попов та осы қатарда. Оның қолтаңбасы «Ақордада», «Бейбітшілік және келісім сарайында», Гумилев атындағы Еуразия университетінде қалды. «Байтерек» тұрғын үй кешені де – осы Виктор Попов еңбегінің жемісі. Ал, еңбек ардагері, Владимир Коржидың қатысуымен Беларусь Республикасы елшілігінің ғимараты, тікұшақтарға арналған ангар және Астананың басқа да нысандары жобаланып, салынды. Владимир Госман, Вик-



Суретті түсірген Александр Марченко

рекеуле аясында қарағандылықтар Елордаға қазақ халқының дарханлығы мен қонақжайлылығын бейнелейтін «Қазақ еліне мың алғыс» монументін сыйға тартты. Сондай-ақ, осы монументке апаратын «Ұлытау» аллеясын жасады. Біздің дарынды инженерлеріміздің, құрылысшыларымыздың, сәулетшілеріміздің, мүсіншілеріміздің және суретшілеріміздің қатысуымен Астанада ондаған тұрғын үйлер, әкімшілік ғимараттар бой көтерді.

Дөңгелек үстелге жиналған құрметті меймандар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі, Астана қаласының циркіне кірер алдында сәндік мүсіндер жасаған Дүйен Ержанов, Қазақстан Суретшілер одағының

тор Денисов, Юрий Кусиди, Виктор Арент есімді ардагер құрылысшылар да құрмет төрінде табылды. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рымбала Омарбекова Астананың гүлденуіне Қарағандының сәулетшілері ғана емес, дарынды өнерпаздары да, мәдениет майталмандары да өлшеусіз үлес қосқанын атап өтті.

– Астананың іргетасы қаланған кезде бүкіл ел қуанды. Біз үшін бұл шет-шеті жоқ қуаныш еді. Сол уақытта Қарағандының өнерпаздары жас қаланың әр қуанышын думанға бөледі. Әр кешіне сан мен мән берді. Осыны зор мақтанышпен айта аламыз! – деді Рымбала Омарбекова.

Марапат пен құттықтау сөздер концерттің бағдарламаға ұласты.

Өз тілшімізден

### Үлкен ондықтың ақымды ісі

Әлем назары тағы да Астанаға ауған күні, яғни, Саммит барысында жиырмадан астам келісімге қол қойылды. Атап айтсақ, Астана декларациясы қабылданды. Одан бөлек, ұйымға Беларусь елінің толыққанды мүшелігі бекітілгенін де айту керек. Тағы бір маңызды құжат – «Әділ әлем, келісім және даму жолындағы жаһандық бірлік туралы» Шанхай Ғылымға дамуға Ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің шешімі дәл осы Астанада қабылданғаны тарихи сәт екеніне баса назар аудару керек. Бұл – геосаяси процестерді бейбіт шешуге бағытталған ұйымға мүше мемлекет басшыларының ортақ мәлімдемесі.

Шанхай Ғылымға дамуға Ұйымының Саммиті энергетика саласын да қарастыратынын айту керек. Қазақстан төрағалық еткен дәл осы Саммитте энергетика саласын дамытуға қатысты 2030 жылға дейінгі стратегия қабылданды. Тағы айта кетерлігі, ұйымның 2035 жылға дейінгі даму стратегиясының жобасы туралы мемлекет басшылары кеңесінің шешіміне және өзге де маңызды құжаттарға қол қойылды.

Қазақстанның жүрегі – Елорда төрінде бас қосқан Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы – Антониу Гутерриш және өзге де Мемлекет басшылары әсем келбетті Астанада бас қосқандарына қуанышты екендерін де айтты.

– Сіздермен әдемі, әсем Астанада кездескеніме қуаныштымын. Қасым-Жомарт Тоқаевтың арқасында іс-шарамыз жоғары деңгейде өтуде. Қазақстан төрағалық еткен жылы Шанхай Ғылымға дамуға Ұйымы дамуының жаңа бағытына бет алды. Адамзат баласы қазір қарқынды өзгеріске ұшырап жатыр, – деді сұхбатында Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпин.

Саммит барысында Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қасым-Жомарт Тоқаев Шанхай Ғылымға дамуға Ұйымының халықаралық аренадағы роліне айрықша тоқталды.

– Бүгінде әлем бұрын-соңды болмаған геосаяси қайшылықтар мен қақтығыстардың күшеюіне байланысты туындаған күрделі сынақтармен бетпе-бет келіп отыр. Халықаралық қауіпсіздіктің архитектурасына қауіп төніп тұр.



Коллажы жасаған М. Әбішев

Тұтас адамзат үшін оның зардабы ауыр болуы мүмкін. Осындай сын сағатта бізге өңірлік және жаһандық деңгейдегі ұжымдық күш-жігер арқылы бейбітшілікті, тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайту үшін орасан зор жауапкершілік жүктеліп отыр. Шанхай Ғылымға дамуға Ұйымы өз беделімен, елеулі экономикалық және адами ресурстарымен тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізіп, заманауи сын-кәтерлерді еңсеру үшін тиімді шешімдер әзірлей алады. Қазақстанның ШЫҰ-ға төрағалығы кезінде көтерген «Көпжақты диалогты нығайту – орнықты бейбітшілік пен дамуға ұмтылу» атты ұраны ортақ миссиямыздың мән-маңызын айқын көрсетеді, – деді Президент.

### «Шығыс және Батыс»

Астананың Астана жаһандық саяси оқиғалардың эпицентрі деуіміздің тағы бір себебі – 2010 жылы қауіпсіздік мәселелерімен айналысатын әлемдегі ең ірі әрі беделді ұйым – Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы саммитінің өтуі. Бұл – Тәуелсіздік алғаннан кейін 20 жылға жуық уақыт өткен соң Қазақстан үшін маңызды тарихи оқиға болды.

2010 жылы еліміз ЕҚЫҰ төрағасы қызметін атқарды. Сол кезде қабылданған Астана декларациясына қол қою арқылы мемлекеттер мен үкіметтердің басшылары ортақ және бөлінбей-

тін Еуроатлантикалық және еуразиялық қауіпсіздік қоғамдастығы идеясына өз міндеттемелерін растады.

Осылайша, Қазақстан – ТМД, Азия, мұсылман және түркітәлді әлем мемлекеттері арасында тұңғыш-суразиялық кеңістіктегі ең беделді ұйымдардың бірі тарихында ЕҚЫҰ Төрағасы болды. Еліміздің ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуінің төрт ұраны болды. Олар – сенім, дәстүр, ашықтық және төзімділік.

Шын мәнінде, Қазақстанның 2010 жылы төрағалық етуі ұйымның даму тарихындағы маңызды кезеңді – Ванкуверден Владивостокқа дейінгі ЕҚЫҰ-ға қатысушы барлық мемлекеттердің нақты теңдік қағидатын іске асыруды білдіреді. Басқаша айтқанда, Қазақстанның төрағалығымен «Шығыс және Батыс» диалогында жаңа кезең басталды.

Астанада өткен Саммит делегация басшылары тарапынан жоғары бағаға ие болды. Мәселен, аталған ұйымның Бас хатшысы Марк Перрен де Бришамбо Елордада қабылданған шешімдер ортақ сын-кәтерлер мен қауіп-қатерлерге қарсы іс-қимылдың бірыңғай стратегиясын әзірлеуге ықпал ететінін атап өтті. Ал, БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығын барынша табысты деп атады. АҚШ Мемлекеттік хатшысы Хиллари Клинтон ЕҚЫҰ Саммиті Қазақстанның халықаралық қоғамдастықтағы үлкен ролінің

айғағы екенін атаған болатын сол кезде.

### Астанадағы ерекше рух

Астанада әлем назарын аударған тағы бір маңызды шара – 2003 жылғы 23-24 қыркүйекте өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының бірінші съезі. Бұл форум діни көшбасшылар, саясаткерлер мен қоғам қайраткерлері үшін бірегей диалог алаңына айналды және сонымен бірге Қазақстанның халықаралық беделін айтарлықтай арттырды.

Астананың әлеуетті мүмкіндіктерін мойындау – EXPO-2017 дүниежүзілік көрмесін өткізу болды. Қазақстан Елорданың әлеуетін әлемге еліміздің мүмкіндіктерін көрсету үшін пайдалана алды. Сондықтан, халықаралық қоғамдастық Қазақстанды EXPO-2017 дүниежүзілік көрмесін өткізу орны ретінде таңдады. «Егер Астана болмаса, мұндай көрме өткізу мүмкіндігі болмас еді» деп айтылды кейіннен.

Қазақстан постнегістік кеңістікте ЕҚЫҰ-ға төрағалық еткен, осы Ұйымның Саммитін өткізген және EXPO-2017 планетарлық ауқымдағы іс-шараны өткізген бірінші мемлекет екені – әлбетте, біз үшін үлкен мақтаныш.

Астана бүгінде елдің әкімшілік орталығы ретінде ғана емес, Қазақстанда болып жатқан өзгерістердің, жасампаз энергияның, халықтың өз күшіне деген сенімінің, өз болашағына және өз ұрпақтарының болашағына деген үміті мен асыл мұраттарының нышаны.

### • ПЕЙЛ

## «Астана – бақ жұлдызымды жаққан қала»

Алаш баласының әлем танып, ғалам мойындаған ай дидарлы Астанасы – ұлы даланың төрінен орын алған Мәңгілік Елдің қаласы. Қыран тектес елдің тұғыры. Мәдениеттің ошағы, ғылым мен білімнің ордасы. Жаңа Қазақстанның, жасампаз мемлекетіміздің ерекше символына айналған құбылыс. Талай жанның қазығын қаққан, бақытын тапқан, жұлдызын жаққан құтты мекені. Осынау мекенге табан тіреу, тамашалау, сезіну де бір бақыт, маңдайға біткен бақ емес пе?! Аз уақыттың ішінде көркейіп, түрленген Елордамыз – елдігіміздің жаңа беттерін ашқандай тәуелсіздігімізді әйгілеп тұрған әсем қала. Астана десек, болашаққа ұмтылған ару қала көз алдымызға келеді. Мұны астаналықтар жақсы сезінеді, түйсінеді. Осыдан отыз екі жыл бұрын Астанаға ат байлап, қоныс аударған Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы, Қ.Қуанышбаев атындағы академиялық музыкалық қазақ драма театрының бас хормейстері Амантай Жұмашев Астана бағын ашып, жұлдызын жаққан құтты мекені екендігін айтады.

Нұрдос КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

– Сарыарқаның төсінде Алпамыстай күн санап өскен Астана – тәуелсіз елдің алтын бесігі. Тойдайған таранып, сұңқардайына сынған шаһардың сұлулығына тамсанбайтындар кемде-кем. Талайларға арман болған бұл мекенді бір көруге ынтық жандар қаншама?! Астана – талайлардың жастығының куәсі, талайлардың шабыттың шалқары. Астана – жастардың қаласы. Талай тағдыр осы шаһарда тоғысып, жалғыз жүректер осында сыңарымен табысқан. Талай жастың көкірек көзін ашып, таудай талабы, талантты бар тұлғаларды тәрбиелеген мекен – бұл. Ақындарға жыр, сазгерлерге шертілетін сыр болған

Астана – мәдениеттің ошағы, ғылым мен білімнің, әдебиет пен өнердің қайнаған қазаны. Абырой асқақ елдің мақтанышына айналған шаһар жыл өткен сайын көркейіп, ажары айшықтала түседі. Астана – менің де жалын атқан жастығымның куәсі. Өйткені, менің ауылдан арман қуып шыққанда алғаш мамандық иеленген қалам. Целиноградтағы С.Сейфуллин атындағы мемлекеттік педагогика институтының музыка факультетіне 1978 жылы түсіп, білім алдым. Студенттік шағым осы жерде өтті. Оқуды тәмамдаған соң Жезқазғанға барып жұмыс жасадым. Бірақ, осы қалаға қайтып бару менің жүрек түпкірдегі арманым болды. Ақыры 1992 жылы Астанаға қоныс аудардым. Ол да бір қызық оқиға. Қ.Қуанышбаев атындағы академиялық



музыкалық қазақ драма театрын ашатын болып, 3 күн ішінде концерттік бағдарлама беру керек болады. «Ал, бұл шаруаны атқару кімнің қолына келеді?» деген сұрақ туындағанда үзегілес досым, дирижер Алпысбай Тұрсынбеков Жезқазғанда Амантай Жұмашев есімді азаматқа тапсырсақ, бұл жұмысты шашу шығармай орындайды деп сенімді түрде айтыпты. Содан Жезқазғаннан ұшып келіп үш күн мұғдарында концерттік бағдарламаны, сахналық қойылымды әзірледім. Менің бұл небары 31 жасымда жасаған алғашқы қазақ өнеріне жаңа ты-

ныс ежелген шағым еді.

Театрдың ашылуы «Конгресс-Холл» сарайында өтті. Көп дауысты хорды, халықтық хорды, академиялық хорды әзірлеп жүрт қаланған негізім маған әлі күнге дейін азық болып келеді. Концерттік бағдарлама жоғары баға алып, Астанаға шақырту алдым. Менен бұрын қазақтың үлкен әншісі Нұрай Танабаев барып қызмет етіп жатқан. Отбасыммен бір жастағы қонамызды құшақтап Астанаға қоныс аударды. Жаңа ашылған Қуанышбаев театрының бас хормейстері болып жұмысқа

орналастым. 3 бөлмелі үйді бергенше, 1 жыл 6 ай кәлемінде қонақ үйде тұрдым. Сонда байқағаным ел экономикасы құлдырап тұрған тоқсаншы жылдардың басында Астананың жағдайы жақсы болды. Іздеген затыңды дүкендерден табатын едік. Ол уақытта 300 мыңдай халық тұратын, қазіргі ғажап ғимараттар, сол жағалау жоқ кездер. Менің жұлдызымды жоғары жаққан Астана деп мақтанышпен айта аламын, – дейді Амантай Жұмашев.

Амантай Жұмашұлының айтуынша, сол уақытта Астана әкімінің орынбасары қызметінде болған Төлеген Мұхамеджанов еңбегін бағалап, шет мемлекеттерде өнер көрсетуіне ықпал етіпті. Өзі еңбек етіп жатқан өнер ұжымымен Германияның 4 қаласында, Мәскеуде, Венгрияда, Польшада, Қазақстанның бірнеше жерінде өнер көрсеткен. Қоғам қайраткері Әзербайжан Мәмбетовтің театр өнерін өркендетуге сіңірген теңдесі жоқ еңбектері Президент пен Үкімет тарапынан жоғары бағаланып, 2000 жылы Қазақстанның Халық қаһарманы атағы берілгенде сахналық қойылымды дайындаған. Алғаш Астана күні тойланғанда 300 оқушыдан құралған хор құрып, жас таланттардың өнерін паш еткен. Талантты композитор ретінде ол М.Шахановтың «Танакөз» поэтикалық драмасына, Т.Ахтановтың «Күшік күйеу», З.Жақыптың «Бағалар мен балдыздар», М.Хасеновтің «Пай-пай, жас жұбайлар-ай», Ш.Қалдаяқтың шығармалары-

на негізделген музыкалық спектакльге, тағы біраз қойылымдарға арнайы музыка жазған. Сонымен бірге, ол театрдың вокалдық тобының хорына, жеке дауыстарға арналған бірталай шығармалардың авторы.

А.Жұмашев театр ғана емес, басқа да өнер ұжымдарының қалыптасуы мен репертуарларын жаңғырту бағытында еңбек сіңірген. Ол «Тоқырауын толқындары» халықтық ән-би ансамблінің негізін қалаушылардың бірі және еліміздегі біраз аудан-қалалардың кәсіби және көркемөнерпаздар ұжымдарын құруда, репертуарларын жаңғыртуда орасан үлес қосты. Өнер саласындағы өнегелі жолы, ерен еңбегі еленіп 2007 жылы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері атанып, 3 бөлмелі пәтерге ие болады. 2022 жылы «Құрмет» орденінің иегері болып, 60 жасқа толғанда өзінің туған жері Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы атанды. Асыл жас Махаббат екеуі тула-бойы тұнғыштары Омардан алтын асықтай, күміс қасықтай немерелер сүйіп, ата-әже атанып отыр. Тіпті, көзінің нұры, өмірінің гүлі қызы 1994 жылы Астанада дүниеге әкелінген. Сондықтан болар, өмірдің ағысты арнасында бірнеше биіктерді бағындыруға бастау болған Астана қаласына ризашылығы шексіз.

Бүгінде Астанада тұрып жатқан өнер иесінің әсем қала, ару қала, арман қала Астананың ажары айшықтала берсін деген жақсы тілегі бар!

# «SmartAstana» – мәселенің «ақылды» шешімі

Бас қаламыз – Астананы ақылды қалаға айналдыру туралы бұрыннан айтылып жүрген. 2017 жылы Қазақстанда «Smart city» тұжырымдамасы да әйрленді. Үйден шыққан астаналық азамат арнайы мобильді қосымшасы арқылы жұмысқа немесе басқа жерге баратын бағытын алдын ала жоспарлай алады. Көліктерге орнатылған GPS трекерлерінің арқасында автобустың қозғалысын және олардың бағытын бақылауға болады. Осындай технологиялар төтенше жағдайлар кызметінің арнайы көліктеріне де енгізілді. Бұл мұқтаж адамдарға ең жылдам және қауіпсіз жолды құруға мүмкіндік береді. Бұл бүгінде кенінен қолданыста. Қазір бұл мүмкіндік Астанада ғана емес, барлық қалаларда қалыптасу қуылысқа айналған.

**Жаная ОМАРБЕК,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

## «Ақылды қала» қандай қала?

Ақылды қала – бұл, қазіргі заманғы өмір сүру сапасын инновациялық технологияларды қолдану арқылы қаланың тыныс-тіршілік жүйелерін үнемді, ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету. Жоба – «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасының көрсеткіштерінің бірі. Жаңа технологиялар енгізілетін негізгі салалар қауіпсіздік, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, көлік, халыққа қызмет көрсетуді автоматтандыру, сондай-ақ, білім мен денсаулық сақтау болып белгіленген. Оның басты артықшылығы ыңғайлылығында, энергияны, уақытты, қаржыны үнемдеу мақсатында автоматтандыру процесін жеңілдетуінде.

«Smart Astana» Елорданың тұрақты даму тұжырымдамасы құрылды, оған сәйкес қаланың негізгі мәселелерін екі бағытта «ақылды» технологияларды енгізу арқылы шешу көзделді. Жобаны әзірлеушілер «ақылды қалалардың» әлемдегі ең табысты істерінің халықаралық тәжірибесін зерттеп, еліміздің шындығына бейімделуді ескере отырып, ең жақсы шешімдерді қабылдады. Одан кейін қаланың барлық салалық бөлімдерімен мақсатты жұмыстар атқарылды. Бүгінде бас қалада тұжырымдамада белгіленген барлық бағыттар – қауіпсіздік, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, көлік, халыққа қызмет көрсетуді автоматтандыру, сондай-ақ, білім мен денсаулық сақтау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Жобаға пилоттық негізде Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбе және Қарағанды қалалары таңдап алынды.

## Астана – ТОП-10

Астана қаласының ресми сайтындағы дерекке сүйенсек, Елордамыз бытыр Intelligent Community Forum нұсқасы бойынша Smart21 community of 2023 ең зияткерлік қалаларының ТОП-21 қатарына енді. Бағалау бірнеше категориялар негізінде өткен. Атап айтқанда, экономикалық өсу үшін қажетті цифрлық негізді қамтамасыз ету және желіге кең жолақты қосылу, цифрлық технологияларды қолжетімділікпен, оқытумен және цифрлық технологияларды енгізуді ынталандырумен біріктіру, білім мен цифрлық дағдылар арқылы құндылықты арттыра алатын мамандардың жергілікті сұранысын қанағаттандыру, инновациялық серіктестіктер мен ақылды қалаға инвестициялар арқылы өсу, азаматтардың энергиясы, өмір сүру сапасын жақсарту және үлкен экономикалық мүмкіндіктер беру, сонымен

қатар, азаматтармен білім беру серіктестігін құратын цифрлық құралдармен өзара іс-қимылды кеңейту сияқты бағыттар бойынша бағаланған.

Сондай-ақ, Астана Smart centres Index ақылды қалалар рейтингінде Мәскеуді (68), Варшаваны (67), Римді (65) басып озып, 64-орынға ие болды.

Рейтингтің мақсаты – инвесторларға, үкіметтерге және реттеушілерге қалалардың жаңа технологияларға, инвестицияларға, өнімдерге арналған технологиялық орталықтар ретіндегі тартымдылығын олардың реттеу жүйесін, инновациялардың даму деңгейін, ғылым, технология, энергетикалық жүйелер, машиналық оқыту, қауіпсіздік және финтехтің дамуын өлшеу арқылы бақылауға көмектесу.

Рейтинг қаладағы инновациялар мен

көліктегі диспетчерлік жүйе», «Жол ақысын электронды төлеу жүйесі», «Қалалық қозғалысты басқару жүйесі», «Ақылды аялдамалар», «Электрокөлік құралдарын зарядтау станцияларының инфрақұрылымы» жобалары. Денсаулық сақтау саласында Қазақстанның смарт қалалары бағаланатын екі цифрлық бастама бар: «Жасанды интеллектпен PACS қолжетімділігі» және «Бір-бірімен интеграцияланған медициналық ақпараттық жүйелер». Сонымен қатар, қауіпсіздік саласында «Террористік тұрғыдан осал объектілердегі өрт қауіпсіздігін басқару жүйесі», «Бейнебақылау жүйесін құру шеңберінде бейнекамералар орнату», «Бұқаралық ақпарат құралдары қызметі және халықты төтенше жағдайлар туралы хабарлар ету», «Төтенше жағдайларды бақылау және болжау жүйелері» бағыттары қарастырылған.

Елдің смарт қалаларында туризм, мәдениет және спорт «Қоғамдық Wi-Fi (қоғамдық және туристік орындарда) және «Цифрлық мұражайлар мен кітапханалар» цифрлық бастамалары арқылы дамитын болады. Бірінші жоба тегін Wi-Fi желісімен жабдықталған туристік орындардың үлесімен, екіншісі ақпараттық орталық ретінде әрекет ететін интернет пен электронды БАҚ-қа қолжетімділікті қамтамасыз ететін мұражайлар мен кітап-



Сурет шығарушы: Астана

технологияларды реттеуші және басқа да мемлекеттік органдар көрсететін қолдау деңгейі, технологиялық және инновациялық қызметтер мен мүмкіндіктердің қарқындылығы, сонымен бірге, қалада жүргізілетін технологиялық және инновациялық жұмыстардың сапасына қарап анықталды.

## Стандарт – халық үшін

Бытыр жыл соңында Ашық үкімет порталында «Ақылды» қалалар салу әдістемесін бекіту туралы (Қазақстан Республикасының «ақылды» қалаларының Эталондық стандарты) жоба қарастырылды. Оның негізінде қоғамның түрлі саласында цифрландыру тамыр жаймақ. Білім беру саласындағы смарт қала үшін басым цифрлық бағыттар «Ата-ана бақылауы», «Қауіпсіз мектеп», «Мектептердегі STEM зертханалары (кеңселері)» жобалары, көлік және жол инфрақұрылымы саласындағы негізгі бастамалар – «Қалалық қоғамдық

ханалардың санымен және цифрланған сирек кездесетін орындардың үлесімен бағаланады. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласына арналған негізгі бастамалар – «Смарт есептегіштермен жабдықтау және су, электр және жылумен жабдықтау жүйелеріндегі есепке алу мониторингі», «Бірыңғай есеп айырысу орталығы», «Жарықтандыруды басқару жүйесі», «Қайта тіркеуден өткен автоматика».

Жалпы, тоғыз бағыт бойынша цифрлық бастамаларды жүзеге асыру арқылы қазақстандық қалалар «ақылды» болады. Әңгіме білім беру, көлік және жол инфрақұрылымы, денсаулық сақтау, қауіпсіздік, сондай-ақ туризм, мәдениет және спорт, экология, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, қала менеджменті және IT әлеуеті бөлек сала ретінде аталды. Бұл бағыттарда жүзеге асырылатын цифрлық жобалар азаматтардың өмір сүру жайлылығын жақсартуға көмектеседі деп күтіледі.

# Есіл бойының есіл өмірі



«Астана арман қала, арманға жетелейтін қала» деген сөзді естігенде бұрын неткен жалған пафос деп ойлаушы едім. Астана ақылға ақыл, білімге білік, көңіліне ырық қосып бермейді деп түйем. Шынымен-ақ, ізденем деген адам қай жерден болсын өріс табатыны рас. Астана ақылман қылып жібермейді, соған қарамастан, асқақ армандар орындалатын қала екенін айтуға бармын қазір. Елорданың құшағы кең, аспаны биік, топырағы қалың. «Бардым да Қараөткелді жыл қыстадым» (Мәди) дегендей, жанам деген жүрекке от беретін жер. Үлкен көзқарастар мен биік мақсаттарға жол ашпаса және сондық күш пен қуат бермесе, тегіннен тегін Елорда бола ма?



Қасиетті Қарағандыдан Елордаға қоныс тепкеніме тамыз айында тура үш жыл толады екен. Бірақ бұл жақтан ол жаққа үлкен дайындықпен барғанымды да ескерген жөн. Академик Е.Бөкетов атындағы ҚарУ-дың журналистикасын бітіріп-бітірместен мұндағы қарашаның облыстық «Орталық Қазақстан» ұстаханасында бақандай тоғыз жыл шыңдалыпмын. ҚарУ журналистикасының сол кездегі қуатын төртінші курстың студенті бізді облыстық газет басшылығы дипломсыз-ақ тілші ретінде қабылдағанынан тани беріңіз. Ал «Орталықтағы» тоғыз жыл жалаң қылышпен жауға шапқандай еңбек майданында шыңдалу екен. Мұнда біз қарапайым хабардан қарамақалаға, есептік жазбадан есеге дейінгі аралықты өткердік. Бағытымыз айқындалды. Қаны тамған журналистика майданында қаламды қару етуді осы мектептен үйрендік. Жетпеген тұсымызды жетілдірген ағалардың алдын көрдік. «Осы баланың тілі ұнайды, ей» деп біз бір нәрсе жазсақ, балаша қуанатын басшымыз Мағауия Сембай бастаған ақсақалдар: Аман Жангожин, Тілеуқабыл Байтұрсын; Мағаш ағадан кейінгі басшымыз Еркін Мұсабек, Қызғалдақ Айтжан, бергінде редакторлық еткен «Егемендегі» бүгінгі басшымыз Қамбар Ахметтің тұсында үйрену мен ізденіс үстінде жүріппіз. Қалаға қанат бітірген, ойға санат бітірген «Орталық» – шығармашылық дамуға бастап, публицистика мен поэзияны арқамызға қатар байлаған қасиетті қарашаның. Қазір Астанада аздаған жетістікке жетіп, өз салмағыды оңғара алып жүрсек, ел ішінің, Қарағанды топырағының осындай жақсылығы.

Тоғыз айда нәресте дүниеге келерін ескерсек, толғанғанға тоғыз жыл да бір гүмбір. Астанаға осындай мектеп көріп аттанған бізді бұл қала жатырқай қоймады. Адамның бір жерге жаңадан орын

теуіп, ол қалаға бойы үйреніп, бауыр басып, жерінуі – басты мәселе. Жеріне алмайды екенсің, қызметің, үй-күйің болғаны да далбаса. Кіндік мекенге қайтуға тура келеді. Астанада ол жоқ бірақ. Бұл қаланың ерекшелігі, ынталы жүректі ұмтылдыра, құшыңдыра түсетін қасиетінде. Үміт ұлғайып, арманға құлаш ұрған сайын қайрат сыйлайтын күш-қуаты бар қала. Шабыттандыра түседі. Ал шабытты жанды тек былай ғана түсіндіруге болады:

«Нар төуекел! Құлаш ұрдым қиынға, Қайрат шіркін алып шықса қиын ба! Бұл сапарда сүрініп те қалармын, Сонда, досым, мені айыпқа бұйыр-ма!», – дейді Қасым.

Иә, біз Астанаға қанат қаққанда, отбасымыз бір үйлі жан еді. Елордада одан да көбейдік. Шығарған жалғыз жыр жинағымыз екеу болды. Жеке пәтеріміз жоқ еді, баспаналы болдық. Ахан, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы жыр мүшәйрасының жеңімпазы танылдық, басқасын айтпағанда. Төңірге тәубе, аз игілік емес! Қуатты қала мен ел газеті «Егемен Қазақстанның» құтты босағасының арқасы! Ең бастысы орынды табу өмірден. Мен қатарлы, менен бұрын келген жастардың көбі айтатын сөз де осыған саяды.

Қаланың динамикасы, мегаполистің мотивациясы демеі, қайрат пен қуат, ынта мен жігерді қолданды. Қазақ тілін қалағандар түсініп алады. Сол сияқты, қазақта есіл күн, есіл жұрт, есіл өмір деген кең толғаулы сөз бар. Есіл өзенінің шалқып аққанынан алыс кетпесе керек. Сол Есіл қазаққа, сосын Астанада бар. Арғы жағын түсіндіріп жатпаймын...

**Жәнібек ӘЛИМАН,**  
ақын, «Егемен Қазақстан»  
газетінің тілшісі

Сурет автордан

## • МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

# Білім әлеміндегі бас қала бренді

«Қаламыз дарынды және зиялы азаматтар шоғырланған орталыққа айналуға тиіс. Бірақ бұған кедергі болып отырған жайттар бар. Соның бірі – балабақшадағы және мектептегі орын тапшылығы. Қазір Астанада балабақша кезегінде 45 мың бала тұр. Кезінде осы мәселе арнайы мемлекеттік тапсырыс арқылы шешілуі керек еді. Бірақ жекеменшік балабақшаларға қаржы бөлінсе де, ахуал түзелмей отыр. Әрине, олардың қызмет сапасына қатысты талап болуға тиіс. Дегенмен орынсыз тексеру жасап, жекеменшік балабақшалардың жұмысына кедергі келтірмеу керек. Қалада кейбір мектептер әлі күнге дейін үш ауысыммен оқытады», – дейді Қасым-Жомарт Тоқаев Астананы дамытуға арналған кеңес отырысында.

**Аяулым СОВЕТ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Президент сондай-ақ, орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты екенін атап өткен. Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында елімізде 2021–2025 жылдарға арналған «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасы әзірленген. Қазақстанның бас қаласында сәтті іске асып жатқан ұлттық жобалар нәтижесінде оқу орындарының саны артқан. Білім басқармасының мәліметінше, қалада қазіргі білім сапасы – 59,7 пайыз. Алдағы уақытта білім сапасын арттыруға бағытталған бірнеше жобаларды жүзеге асыру жоспарланған.

Елорданың білім басқармасы

берген мәліметке сүйенсек, бүгінде қалада 365 544 баланы қамтып отырған 757 білім беру ұйымы бар. Оның ішінде 525 балабақша, 172 мектеп, 32 колледж, 11 қосымша білім беру ұйымы және 15 арнайы білім беру ұйымдары жұмыс істеуде. Өткен жылы білім беру ұйымдарының саны 102-ге артқан. 2023 оқу жылында Астананың 15 жоғары оқу орнында 67 211 студент білім алды.

Биылғы оқу жылында үш ауысымды мектептер мәселесін жою мақсатында жаңадан 9 мектеп жұмысын бастады. Келесі жылы 2 ауысымда оқытатын 13 мектеп салу жоспарлануда. Жұмысын бастайтын білім ошақтарының әрбірінің 4 мың оқушыны қабылдауға мүмкіндігі жеткілікті.



Сурет шығарушы: Астана

Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкентің атап өтуінше, 2023–2026 жылдар аралығында барлығы 177 200 оқушыға арналған 65 мектеп пайдалануға беріледі. Қабылданған шаралар мектептердің шамадан тыс жүктемесін шешіп, болашақта орын тапшылығы мәселесін толығымен жоюды.

Сондай-ақ, бүгінде бас қаланың мектептері «Буккрсинг» бұрыштарын ашыумен ерекшеленген. Фойелерінде оқушыларға арналған коворкинг аумақтар орналастыру арқасында бас қала сауатты да саналы ұрпақ тәрбиелеуде.

Астана қаласы білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенгазиевтің айтуынша, жыл сайын мектеп оқушылары санының

өсуіне байланысты 2026–2027 оқу жылына қарай Астанада 5 мың мұғалімге қажеттілік туындайды. Бүгінде Мемлекет басшысының

Елордада педагогикалық жоғары оқу орнын ашу туралы тапсырысын орындау мақсатында, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобасы аясында педагогикалық колледжді педагогикалық университетке трансформациялау жұмысы басталған. Осы мақсатта Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің базасында, Абай атындағы ҚазҰПУ-дің филиалы ашылады.

Басқарма берген ақпаратқа сүйенсек, бүгінде Астана қаласындағы жекеменшік мектептер

тана халықаралық мектебі 13-сыныпқа дейін білім береді. Оқу құны жылына – 13 млн 345 мың теңге. Тек англиялықтар сабақ беретіндіктен, балалар ағылшын тілінде білім алады. Көптең сұранысына ие Мирас, Spectrum, Astana Garden School мектептері де ағылшын тіліне басымдық береді. Елордадағы Мирас халықаралық мектебінде жылына оқу құны – 4 млн 441 мың теңге болса, ал, Spectrum халықаралық мектебінде оқу құны жылына – 7 млн 350 мың теңге.

Мектеп мұғалімдерінің айтуынша, Spectrum халықаралық мектебінде білім беру бағдарламасы Қазақстанның мемлекеттік оқу бағдарламасы мен Кемеридж халықаралық бағдарламаларына негізделген. Дегенмен, элиталық қазақ мектебіне де сұраныс жоқ емес. Болашақтағы бәсекелестіктің кілті білімде жатқанын түсінген ата-аналардың жекеменшік мектептер ақысын төлеуді қалтасы көтермегенімен, «жайлы мектептерден» көп үміт күтеді. Не десек те, елдіктің айбарына айналған Астананың білім беру жүйесінің өркені ет үрдісіне сай болуы – Мемлекет басшысының қойып отырған басты талабы.



• СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННИҢ ТУҒАНЫНА – 130 ЖЫЛ

# Қауырсын тағдырлы күдірет

Биыл егеменді еліміздің тарихи тұлғаларының бірі – Сарыарқаның саңлағы, ақын-жазушы, сазгер өнші, қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл толмақ. Бүгінде күні кешегі көп мақтап, ел жақтаған Сәкенді «большевик», «сатқын», «Алаш қайраткерлеріне теріс» қараған адам ретінде бағалаушылар да бар. Олардың Алаш қайраткерлерінің өзі айтулы ақынға адал бағасын беруін қаперге алмауы танқалдырады.

Соғыс сұрапылын көріп, өмірге өнермен қараған Сырбай Мәуленов сөзіне құлақ түресек:


«Өлімге жан екенсің қия алмайтын, Өлеңнің құшағына сия алмайтын. Қазақты көргін келсе, міне осы деп, Көрсетсе жер жүзіне ұялмайтын, – дегеніндегі қазақтың тілін, өнерін, салт-дәстүрін дәріптеген тұлға Сәкен еді. Оған оның өмір жолы, өнері, әдебиет пен мәдениетке қосқан үлесі толық жауап береді. «Тар жол, тайғақ кешу» тарихи-мемуарлық романында «Алаш туралы қаралауды көп айтқан» деген Сәкенге сын айтылып келеді. Егер бұл кітап болмаса, жұрт «Алаш» туралы түсініксіз қалуы да мүмкін еді. Сәкеннің осы кітаптағы беташарында: «Бұл кітапта «Алаш» туралы көп әңгімелер айтылды. «Алаш» туралы әңгімелер айтылғанда, ол әңгімелер тарихи мағлұмат ретінде баспа жүзінде шықсын деген оймен айтылды», – деп жазған еді. Бұндай мәселелерге мән беріп жатқан кім бар? Сол «Тар жол, тайғақ кешу» кітабы неше рет түзетіліп, қанша рет басылғаны бүгінгі халық ұмытқандай. Күні кешегі «Желтоқсан оқиғасында», «Қаңтар оқиғасында» елдің көзі мен сөзі тым құрымаса құлағы бола алмаған ағаларымыз бен бауырларымыз Сәкеннің сағын сындырып, қаһарман болғысы келіп, дауыстары қарлығы. Көзі тірісінде Сәкеннің шыққан биігін қызғанып, арызды қарша боратқандар да дегеніне жеткен. Аз ғана уақыт ел басқарғанда «Қазак» деген атты қайтарған қайраткерлігі үшін де тарихи баға бере алмадық. Заманында кеңесшіл болған, бүгін жасанды алашшыл болғандардың жаласына қалған ақын, қоғам қайраткері туралы ой-пікірлерді ортаға салғанды жөн көрдік. Біз сын айтуды шындықты айтуға емес, қаралауды «халық жауларын» атқандардан үйренгендіміздің бір дәлелін тағы да түсіндік.

Данышпан жазушы Л.Толстойдың: «Адамның қоғамнан тыс болуы ақылға сыймайды» деген пікірі бар. Біз адамның өмірі мен өнегесі, қабілеті мен қызметі, адамгершілік асыл қасиеттері туралы танымдық тұрғыдан зерттеугер жүргіземіз. Алайда, тексеріліп отырған мәселеге қатысты дәуір тынысы, қоғамдық оқиғалар, кезеңге қатысты әлеуметтік мәселелер туралы толғанбайтынмыз таңқалдырады. Бір кездегі әлемге өмірін жүргізген Кеңес Одағы құлап, ел аңсаған егемендікті алды. Кезіндегі Кеңес Одағына қатысты «Жасасын!», «Даңқымыз арта берсін!», «Бақ-дәулетіміз шалқи берсін!» деп ұрандағандардың өткенін ұмытып, жана заманның жаңалығына қалай қосылғанын көзбен көрдік. Советтік дәуір сән-салтанатын алға шығару үшін «салт-дәстүрін ұмытып, жұмақ заманның көсемі Ленинді құдай қылып», оның ізін жалғастырушыларды да аспаннан асырмасқа та, асқардан асырып тастадық. Жаңа заманда да ел басқарған көсемдерді көкке жеткізіп, одан да асырып жіберуге әрекет етіп жатырмыз. Біздегі эстетикалық қаным-түсінік өзгермей, этикалық мәдениеттің қалыптаспағанын өмір көрсетті. Жаңа заманды айту үшін өткен өмірмен салыстырып, келмеске кеткен Кеңес дәуірін жамандауға жарыса кірістік. Шығыс жұлдызы Рудаки: «Өмір – теңіз, жүзем онда демейсіз... Ізгіліктен жасалмаса кемейсіз», – деген сөзі ойға оралады. Жанталасқан уақытта жақсылық пен жамандық үнемі айқасып келеді.

Кеңес дәуірінің қиянаты мен кесапаты, сұрқия саясаты мен дауылды және қылымық жылдары туралы толымды, тағлымды еңбектер жарық көрді. Совет үкіметі жылдарындағы болған, болып кеткен оқиғаларға қол тағып, ең таңбалауға кірістік. Сол дәуірдің айтулысы атанып, сөз бастаған шешені, ел бастаған көсемі болғандықтан ақиық ақын, ірі қайраткер Сәкен Сейфуллинді бүгінгі жікшіл желөкпелер желбуаз сөздерімен жақтырмайтындарын айтты. Бұл жағдай ақынның көзі тірісінде де болған. Бірақ, ақын орынсыз кіно таққандарға жауабын беріп, айтар уәжін айтып кеткен еді. Кеңес туын көтерген Сәкеннің қатары Бейімбет Майлин, Илияс Жансүгірөвтердің неліктен ұсталып, халық жауы ретінде атылғаны туралы тарихтың шындығын аша алмаған ағайын, бүгінгі күні олардың атын өшіруге жанталасып жатыр. Ондай «бозөкпелер» бұрын да болған. Оларды бозөкпелер деудің себебін бірден нақтылап, толықтай түсіндіре кетейік. Тәуелсіздік алуымызға себепші болған «Желтоқсан оқиғасы» кімнің кім екенін анықтап берді. Біздің бүгінгі шешен, көсем болып жүргендер сол кезде жастарды қолдауға жарамай, үйі-үйлерінде тығылып, өсек айтып жатты. Ұлттың оянуына себепкер болған сол оқиғалар аяқталып, енді сол мәселеге қатысты «солақай» бағалар

беріліп, жастарды айыптап жатқанда, үкімет деңгейінде болған үлкенді-кішілі жиындарда О.Сүлейменов, Ж.Моидғалиев, С.Шаймерденов, М.Шахановтардың қарсылықты пікірлері болмаса, көпшілігі үнсіз қалғаны баршаға аян. Ал, тәуелсіздік туралы, алашшыл әдебиет өкілдері жайында әңгіме басталғанда бұрынғыны мансұқтап, жаңағыны жарыса жазуға кірістік. Кеңес дәуірінің біздің бойымызға жақсысы жұқпай, жаманы жанды арбағаны осыдан белгілі болды. Жалпы, қазіргі және бұрынғы қоғамды жайлаған – паракорлық, менмендік, сауатсыздық дертін өз кезінде социализмнің үш жауы екендігін Ленин де ескерткен еді. Сол дерттің асқинуы бар кімнің бұрынғыларға жауып, өздері «сүттен – ақ, судан – таза» болуды атқамінерлер менгеріп алды. Төңкеріс тарихқа көз салсаң таңданып, таңғаларлық жағдайлар жиі ұшырасады. Жалпы, жиырмасыншы ғасырдың алғашқы 20-30 жылдары білімге құштар, дарынды тұлғалар көп шыққан. Олардың идеялас болуы біріне-бірі қарсы шығуы да көпке мәлім. Сөзсіз, жиырмасыншы ғасыр идеялар соғысы астан-кестен оқиғаларымен ерекшеленеді. Түркі әлемін темірқазық еткен алашшыл көсемдер мен шешендер қалыптасып, елдің ертені туралы толғанды. Отарлаудың негізінде зорлық-зомбылық, теңсіздік пен тексіздік болатындығын көрген халықтың ашу-ызасы сегіне жеткен. Бұл қазақ елінде ғана емес, басқа да халықтардың басынан өткеріп жатқан тағдыр таяғы еді. «Тарихтың осындай зобаланына тап болған біртуар тұлғалардың тағдыры айрықша күрделі күй кешетінін бүгінгі ұрпақ терең сезініп, парасатпен парызтай білуі қажет. Уақыт өткен соң «анау – алай еді, мынау – былай еді» деп төрелік айту немесе үкім шығару оңайдың оңайы. Ал, қаулаған өрт, жөңкілген сел сияқты заманалық идеологияның жалаң қылышы төбемде ойнап тұрған шақта «халқымыз» деп соққан жүрегіне, «еліміз» деп егілген болмысына әрі қиянат жасамай, әрі әрекетсіз қалмай тірлік құрып көр. Мұның бір ғана жолы бар еді, ол – «түлкі заманды тазы болып шалу». Дәлірек айтқанда, заманмен тіл табыса жүріп, халқыңа қызмет ету, халықтың мүшкіл халіне араша түсу». Дәл осы кезеңнің күйі идеясы, халықтың талап-тілегіне сай келгені социалистік идея болып, оқып, білім алғандар тарапынан насихаттала бастады. Сәкен (Сәдуақас) Сейфуллиннің өмір жолы, халықтың тағдыры үшін күресі осы кезеңге қатысты өрбіді. Оның ақындығы, жазушылығы, қайтпас қайсар қүрескерлігі қоғамдық істе белсенділігі, ірі мемлекет қайраткеріне дейін жеткізді. Өмірдің өзі Сәкенді бірде асуларға шығарса, енді бірде аяусыз сүріндірді. Көзі тірісінде Сәкен аңызға айналып, «халық жауы» ретінде атылса да ұлты ұмытпады. Кеңес дәуірі Сәкеннің қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаушы екендігін дәлелдеп берді. Оған оның барлық өмір жолы жауап бере алатындығы нақтыланды. Сәкентанушы ғалымдар, өнер қайраткерлері, мәдениеттанушылар легі қалыптасты. Дәлел мен деректің жеткілікті екендігін Кеңес дәуірінде жазылған желөкпе тарихта, жарымжан әдебиеттану ғылымы мен сөз сүйерлері жазған көркем туындылар түсіндіріп тұр. Тарихи тұлға туралы «Сейфуллиннің Сәкені», «Кездеспей кеткен бір бейне», «Сәкен Сейфуллин», «Күміс қонырау», «Сәкен Сейфуллин (тарихи-танымдық энциклопедия)», монографиялық еңбектер мен кесек-кесек роман, повесть, хикаялық шығармалар мен көлемді поэмалар, балладалар және көптеген естеліктер мен өлеңдер жазылды. Зерделей қарағанда Сәкеннің датталуы емес, мақталуы басым екендігі айқын білінеді. Бүгін бұған қатысты «Ол Кеңес дәуірі еді ғой!» деп жауап беретіндер бар. Халық ұнатпағандарын сол дәуірде де айтып, түрін түстеп беріп кеткен. Жиырмасыншы ғасыр соңы Кеңес дәуірінің құлауымен тынды. Соңғы бас хатшының «Қайта құру» деген ұраны қайтадан құлауға себепкер болды. Анығында ұлттарды кемсітіп, бір ғана ұлтқа тәуелді қылған заманның құлауын жалпы халық қуана қарсы алды. Тәуелсіздігін алған елдің өшкенін жандырып, өлгенін тірілтуге ұмтылатыны мәлім.

Алғашқыда тіл, дін, әдебиет пен тарихтың «ақтаңдақ» беттері туралы тың бастамалар көтеріліп, ізгілікті істер басталады. Бірте-бірте бұл мәселелерге рушылдық, жершілдіктің жікшілдігі енді. Көп біле бермейтін батырлар, шешендер, көсемдер туралы беймәлім тарих жазылды. Тәуелсіздігімізге тоқтау салғандардың басына Сәкен есімін енгізіп, біздің «Қазақстандағы өз қандастарымыз» да желінді. Оған қосылған қолшоқпарлары әлі де шоқпарларын көтеріп, өз пайымдау-



Коллажды жасаған М.Өмірбеков

ларын айтып келеді. Өмірде жоқ адамдар туралы көсіліп, өтірікті өрбіте айту оңайлау болса керек. Алғаш алашшыл айтулы тұлғалар ақталып, тарихымызға оралғанда Сәкен, Бейімбет, Илияс, Сәбит, Фабиет және т.б. енді оқу бағдарламаларынан шығады деген пікірлер айтылды. Солардың ішінде көбірек шүйілгені Сәкен Сейфуллин еді. Егер сол болмағанда Совет үкіметіне енбей, өз алдымызға «Алаш-орда мемлекеті болып тұратын едік» дегенді де асыға айтты. Тарихқа үкім айтып, оған тексеру жүргізу уақыт, кезең, дәуір, мезгіл деген ұғымдарға қарамайтын сәттерді бастап өткіріп жатырмыз. Кеңес әдебиетін жасаушылар «Бірыңғай ағым» теориясын қалыптастырып, көбіне дәулетті, байларды жеріне жеткізіп жамандауды дәстүрге айналдырды. Бүгінгі әдебиетші ғалымдар, жазушы-ақындар байларды бірыңғай мақтауды бүгінгі сөз өнеріне орнықтыра бастады. «Жалпы бұрында да және бүгінде де келдейлік жоқ екен. Реализмді кейінге ысырып, романтизмге қайта көштік».

Көркем өнердің басты шыңы – оның шындықты шырқата алуында. Сәкен Сейфуллин жырлаған туған жер, өнер-білім, достық пен махаббат және басқа да сандаған тақырыптардың бәрінде де, оның шындықтан алыс кетпегендігін ұлы М.Әуезовтен бастап, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Е.Ысмайлов, С.Кирабаев, Т.Қақпашев, т.б. зерттеулерінде айтылды. Солай десек те, «Сәкеннің шыншылдығы неде?» деген сауалға көбіне оның төңкерісшіл ақын екендігін алға тартқан жауаптар жеткілікті. Бұл заманның ызғары мен ызғарына қатысты айтылған саясаттанған тұжырым. Біздіңше қандай шайырдың шыншылдығы – оның сезімталдығы арқылы аңғарылады. «Суреткер – өз елінің, өз табының сезімталы, оның құлағы, көзі мен жүрегі», – деп, М.Горькийдің айтуы соның дәлелі. Шытырман оқиғалар ортасындағы Сәкен қоғамдық құбылыстарды қалай көріп, танып-түсінесе, солай жырлап шықты. Ақынның күдіреті көргенін дәлдікпен бере алып, ақ-қарасын басқа пенделерден бұрын ажыратқандығы. Бұл – барлық ақындарға тән қасиет. Дүние туралы барлық пенде толғанады. Жалғанды шындықпен өрлестіру талант тұжырымы, ақын шеберлігінде жатыр. Әйгілі Төле бидің «Бидің айтқанын құл да айтады, бірақ аузының дуасы жоқ», – деуі сондықтан. Ақын қоғамдағы болып жатқан оқиғалардан бейтарап қала алмайтындығын Сәкен де көрсетті. Өзінің анасына арналған алғашқы өлеңдері, туған жерге байланысты туындыларынан бастап адамгершілік, ел мен жерге деген сүйіспеншілікті биікке көтере алған. Бұған Сәкеннің «Туған жер», «Жазғы кеш», «Нұра», «Боранда», «Бабаларыма», «Біздің жақта», «Жазғытұры» т.б. өлеңдерін атауға болады. Ал, махаббат сезімін, сұлулықты жырлаудағы «Құмарым», «Жүрегімің соққаны», «Толқын», «Арқа сұлуына», «Сәулем», «Жаңа жыл» т.б. лирикаларынан мәңгілік тақырыпқа қосқан шайырдың өзіне тән шеберлігін танысын. Сәкендегі сезім сұрапылы, жан сыры барынша оның лирикалық шығармалары арқылы ашылады. Адалдық пен арамдық ақынның өмір турасындағы өзекті тақырыбы екендігі Сәкеннің достық-махаббат, адам және табиғат т. б. шығармаларынан аңғарылатыны аян. Бұл мәселеде Сәкеннің «Сыр сандығы» сандаған ұрпақ санасына сәуле боларлық бір биік белес. Абайдың «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» дегені Сәкен тарапынан барынша ашыла түскен. Мысалы:

«Әр адамның ішкі сыры,  
Берік қойма сақталған.  
Сол қойманың бір түпкірін,  
Достың досы-ақ ақтарған», – дегендегі шын достық пен жалған достықтың мән-мағынасы таразыға тамаша шеберлікпен тартылады. Сөйтіп, сатқындықтың кімнен шығатындығы өнер тілімен түсіндіріледі.

«Шырқ айнарлар шіркін тауық,  
Жемің болса, қолыңда,  
Қайдағысы сені тауып,  
Топырлайды жолыңда.  
«Досыңмен» деп ант береді,  
Жем іздеген жанама.  
Жем таусылса жалт береді.

Сенерлік дос, санама!» – деуі шын мәніндегі Сәкендей турашыл, таза, табанды адами қасиеті жоғары жандардың атынан айтылса керек. Ғасырға жуық киелі киік атты жануарға арналған «Ақсақ киік» атты аллегориялық тамаша толғауы өзіне сай лайықты мақаммен ұрпаққа ән болып жатталып, жыр болып таралды. Ақынның көңіл толқынын танытып, терең тебіреніс білдіретін бұндай өлеңдері лашын, ақу құстарға арналған лирикалық көркем туындыларынан ерекше аңғарылатындығы ұрпақ зердесінен шықпақ емес. Рас, Сәкен революция жыршысы екендігі мәлім. Бұл тақырыпқа біреу ерте, енді бірі кеш келді. Шым-шытырық, аласапыран оқиғалар қалай да қоғамға өзгеріс керектігін көрсетті. Бұл істе жарамсақ өнер өкілдері күштілердің қолшоқпарына айналса, ел қамын, азаттық жолын іздегендердің өзі түрлі бағыт-бағдар ұстады. Заман ағымы сан тарау жолдарды алға тартып, тура даңғылдың табылуы таңдауға түсті. Отаршылдықтан құтылып, жаңаша өмірдің бастауын Сәкен атақты «Балуан шолак» өлеңінде де көрсеткен еді. Отарлаудан кейінгі замандағы өркеніетке жеткен Еуропадың сұғанақтығын Азияға көз тігудің астарлы саясатты тап басып сипаттаған «Азия», «Қара бұркіт» өлеңдері кезінде С.Сейфуллин шығармаларына енбей қалған.

Мәселен, «Азия» өлеңінде:  
«Сұм Европа! Арам, залым тас болдың,

Бүліншілік, жауыздыққа бас болдың.  
Адамзатқа жол көрсеткен ерлерге,  
Мұнша неге, уа, Европа қас болдың?!» – десе: «Қара бүркітте» осы пікір одан әрі жалғасады:  
«Көп қорқау сыртыңнан жүр

тісін қайрап,  
Борсықтар жорғалап жүр іші қайнап,  
Інінде қара жылан жатыр бағып,  
«Шақсам» деп, аңдып сені, көзі жайнап».

Бұл ақынның Азияға қатысты ұстанымы. Бұдан кейінгі туындылары оқу-білімге арналды. Тақырыптық жағынан Сәкеннің оқу-білім туралы түсінігі Абай, Ыбырай, Ахмет, Міржақып, Сұлтанмахмұт, Сәбит Дөненбаев және т.б. үндеседі. Қазақ поэзиясының майталманы Мағжан да бұл тақырыпқа теріс қарамаған. Ақынның революцияға арналған өлеңдерінде де оқу-білім қалып қалмайды. Төңкерістің сол арқылы баянды болатындығы тұжырымдалады. Бұған оның «Жолдастар», «Кімде кімнің тасқын судай қайраты», «Кел, жігіттер», «Жас қазақ марсельзасы» және Ленинге арналған өлең-жырлары дәлел бола алады. Революция жеңісінен кейінгі түрлі өзгерістердің бәрі де өнер-білім жетістігі болып ақын өлеңдерінде мақтанышпен жырланады. Отарба, автомобиль, трактор, аэроплан, т.б. Сәкен өлеңдерінен табылуы бұған айғақ Сәкеннің жаңашылдығы осында тұр.

Қазіргі көзқарас тұрғысынан Сәкеннің төңкеріске қатысты туындыларының құны арзан, айтары айғай-шу, даңғазы дақпырт екендігі туралы пайымдаулар барлығын несіне жасырайық. Бұдан «Сәкеннің беделі түсіп, шыққан биігі аласарып қалатын болды-ау» деп алаңдайтындардың көп екені тағы да аян. Ашу-ызадан айбарлы сес көрсету сәттері де кездесіп қалатыны бар. Керек десеніз, осы істе дұрдараз болып, бір-бірімен аралары алшақтап бара жатқан жандар да баршылық. Ақын қаламынан туған төңкеріс тақырыбы негізінен бүгінгі таңдағы жершілдік, жікшілдік, рушылық т.б. астамшылықпен байланысып жатыр. Бүгінгі біздің көріп жүргеніміз оның қасында тұк те емес. Екіншісі, Сәкенді төңкерісшіл қылған бұл қоғамның өзі еді. Қамауға алынып, азапты жолдардан

өткен ақын шығармашылығы бұдан әрі біржола өршелене түсті. Керек десеніз, бұл істе Сәкеннің көркем сөздігі барлық қырын ашады.

Ақын Сәкен енді журналист, прозаик, драматург, педагог т.б. өнерімен танылды. Ақын ретінде көлемді поэмалар жазса, драматург ретіндегі шығармалары саханаға шақты. Асығыс естелік, романдар жазылды. Көлемді әңгіме, повесть, новеллалары жарыққа шығып жатты. Соның бәрінде де революция ісі мен жеңісі қалып қалмады. Бұл тұрмыста ұлтжанды тұлғалардың бірі таза ұлтшылдық бағытқа түссе, келесілері төңкерісшіл ақындар болып қалыптасты. «Төңкерісшіл ақындар» деп қанша қараласақ та ұлттың мүлде ұмытып, тілі мен тұрмыста ұлтжанды тұлға жасағаны болған жоқ. Туған халқына сәуле түсірудің жолын іздеп, аласұрып, шатасуы көп шытырман жолдан өтті. Құдайдай сенген жаңа үкіметтен үмітінің отын жағып, ел басқарған Сәкен өзінің басқару ісін «Кеңселерде іс қазақ тілінде жүрсін», «Қазақты қазақ дейік» деген ұлтына адалдығымен бастады. Бұл тұрғыда алаштың айтулысы Әлімхан Ермековтің: «Сәкенді «Қызылдар» жағында, ал бізді «Алашорда» жағында болды демесендер, Сәкен бізден гөрі әлдеқайда ұлтшыл еді» дегені – әділ айтылған ақиқат.

Алаштың айтулылары А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатовтар шығысты шынар тұтып, түбі бір түркі әлемін темірқазық етсе, өркеніетке тез жетудің төте жолын Еуропадан іздегендер бағытқа біржола бет бұрды. Сөзсіз, Сәкен Батыстың бұқарашыл бағытын қостады. Бірлік пен теңдік, азаттық пен бостандыққа шығарған ұрандар халықтың қолдауын тапқаны шындық. Мәселен, сол, «керемет» идеяның жүзеге асырылуы қаншама кесапат әкеліп, айтушылардың өзін сан соқтырды. Сенгенінен секем алдыртып, әділдік туралы толғаныс теңіздей толқыды. Сәкен бұл кезеңде бұқара халықтың көксеген арман-тілегі жүзеге аспай жатқанын журналист, жазушы және ақын ретінде сынады. Оның қаламынан «Тұрмыс толқынында», «Қызыл ат» т.б. туындылар жазылады. Қаншама айтыстар өтіп, әміршіл өктем саясат Сәкенге өз дегенін істетті. Өз қолымен құрған жаңа қоғам өзектен итеріп, ұлтшыл, алашордашыл деген ат тағып, ақыры «халық жауы» деген қорытынды жасап, соның да аярылқпен атты. Атқызғандар алақан соғып, ерін жоқтаған есіл елдің есі жылымай, азалы әнін әлі айтып келеді. Жұрт жазушының «Жұбағу», «Қыр балалары», «Сырын білмей-сыртына сенбе», «Бандыны қуған Хамит», «Айша», т.б. әңгіме-повесттерінде, «Кеңселерде істі қазақ тілінде жүргізуге кірісу», «Ашық хат», «Түркияның жайы», «Шах қыркы туралы», т.б. жазғандарын оқып өзі-өзін жұбатты. Жалпы Кеңес дәуірінің кезеңінде қазақ зиялыларының ішінен екі тұлға таңдана қарайсың. Біріншісі – Әліхан Бөкейханов болса, екіншісі – Сәкен Сейфуллин еді. Біріншісі, «Мен Кеңес Одағына қызмет ете алмаймын» десе, екіншісі, «Кеңес дәуірінде халқыма жақсылық өкелемін» деген жолдан айнымады. Бұлардан басқалары «Бірде алашшыл, бірде кеңесшіл» болғаны мәлім. Тура жолдарын қалдырған аталған екі тұлға еді. Екеуінің де өмірі қалай болғаны көпке аян. Тура жолда не үшін күресті, нені арман қылды... Осы сұрақтың жауабын айта алмайтынмыз өкінішті. Қазіргі жауап бірі – жақсы, екіншісі – жаман болып тұр.

Ақын Сәкен Сейфуллин де келмеске кетті. Өнер өрні өмірден өтсе де, көңілден кетпеді. Сандаған ұрпақ Сәкенге деген өз сезімін білдіріп, таланттың көркемдік дәрежесі жоғары шығармаларын асыра айтып, ағат деген кемшіл тұстарына үніле бастады. Әділі солай... Төрт құбыласы түгел, фаниде шатасай өткен пенде жоқ. Жұмыр басты пенделерден оқшау тұрған Сәкеннің жетпес жетістіктерін жеткізе алмай келе жатқанымыз болмаса!?

Сейфуллиннің Сәкені өмірге келу мен өмірден өту барын ерте түсінген. Келте ғұмырдың мән-мағынасын өлеңмен түйіндеген.  
«Адам керуен, өмір жол,  
Ешкімге жат із емес  
Жолмен көшкен керуеннің,  
Алды-арты да біз емес», – деп сөз түйінін былайша тұжырымдайды:  
«Керуен көшер, керуен қонар – үйреншікті әңгіме.  
Бізден қалар талай белгі,  
Кейінгіге, мәңгіге».

Бұл – өзінің өнеріне сенген Сәкеннің сөзі. Таразыға қалай салсақ та, айтулы азаматтың өнердің жүгін ақын, сазгер, жазушы, мәдениеттанушы, өнші-күйші болып өткенге аян. Бұған оның қоғамдық ісін, қайтпас қайраткерлігін қосыңыз. Иә, солай, солай болатын.

Бұл дарынның өмірі мен өшпес өнердегі өнегесі.

**Берік РАХЫМОВ,**  
**филология ғылымдарының докторы, профессор,**  
**ҚР үздік педагогы**

# Ортадан озған отбасылар

Саранда да дәстүрлі «Мерейлі отбасы» Ұлттық байқауының қалалық кезеңі аяқталып, осындағы Мәдениет үйінде соның қорытындысында ортадан озған отбасыларды марапаттау рәсімі өтті.



Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұл байқаудың қалалық кезеңіне қатысуға тілек білдіріп, өтініш түсірген қаншама отбасылардың арасынан қалалық әкімдік комиссиясының шешімімен жетеуі оздық деп танылған екен. Соның ішінде, 4 отбасы түрлі аталымда жүлдегер атанып, 3 отбасы арнайы тағайындалған орындарды бөлісті.

Атап айтқанда, аталымдары бойынша «Өнегелі отбасы» – Жетпісөвтер, «Білімді отбасы» – Спановтар, «Бақытты отбасы» – Даниловтар және «Жарасымды отбасы» Манапшевтар деп танылды.

Жеңімпаздарға диплом мен бағалы сыйлықты қаладағы «Жас отау» этномәдени қоғамдық бірлестігінің төрағасы, қалалық Аналар кеңесінің мүшесі Нұржамал Кернебаева және Саран қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, жеке кәсіпкер Людмила Ваймер табыстады.

Ал, III орын иесі Константиновтар отбасы арнайы диплом мен 100 мың теңгенің сертификатын Саран қаласының Құрметті азаматы, қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Жұмабек Тоқышеваның қолынан алды.

Екінші орын биігінен көрінген Мұхамедкәрімдер отбасына тиісті

дипломы мен 150 мың теңгенің сертификатын қалалық Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Болат Абыров тапсырды.

Ал, бірінші орын бұйырған байқау жеңімпазы Кенішқалиевтер отбасының дипломы мен 200 мың теңгенің сертификатын Саран қаласы әкімінің орынбасары Сағынбек Бейсекеев табыс етті.

Осы қалалық кезең жүлдегерлерінің ішінен Мұхамедкәрім мен Кенішқалиев отбасылары «Мерейлі отбасы» Ұлттық байқауының алда болатын облыстық кезеңіне қатысуға жолдаманы жеңіп алды.

Негізі, елімізде жыл сайын өткізіліп келе жатқан бұл ұлттық



байқау қоғамымыздағы үлгілі және өнегелі отбасыларды дәріптеп, отбасылық құндылықтарды насихаттап, терең орнықтыруға бағытталғаны белгілі. Міне, сондықтан да, осы жолғы байқаудың қалалық кезеңінің жеңімпазы Кенішқалиевтер отбасының отағасы Мадияр Бейімбетұлын сөзге тартқандықтан, ол:

– Отбасымыз бұл байқауға алғаш қатысып, бірінші орын алып, енді облыстық кезеңде бақ сынайтынмызға қуаныштымыз. Біз басымыз жас болса да, көпбалалы отбасы қатарындамыз. Өзім «Қазакмыз» корпорациясында өндіріс шебері болсам, жұбайым Дина қаланың Абай орта мектебінде ағылшын тілінен сабақ береді. Екеуміз 4 бала тәрбиелеп, өсіріп отырмыз. Олардың үлкені Мәдина биыл 9-сыныпты бітіріп, анасының жолымен Саран гуманитарлық-техникалық колледжіне оқуға түсті. Одан кейінгі Жасмин мен Сәниямыз 5-сыныпқа көшсе, ең кішіміз Диар – 3 жаста, – деген еді.

Ортадан озған сарандық отбасыларға көрсетілген құрмет бір бұл ғана емес. Марапаттау рәсімі кезінде Қали Байжанов атындағы облыстық филармонияның әншісі, ҚР Мәдениет саласының үздігі Гүлмира Серікова, «Мерей» триосы, скрипкашы Людмила Пролищан, жергілікті өнерпаздар Кристина Ракша мен Геннадий Ефименко оларға әннен шашу шашып, сазды әуен сыйлады.

САРАН

Сурет автордан

## Еске алу

Шілденің 10-ы күні әулетіміздің ардақтысы болған, асыл ана, әзиз әжеміз **Зекен Ақтанқызы ТӘШЕНОВА** 90 жасқа толар еді. Өкінішке орай, ортамызда орны ойсырап қалды.



Әулетіміздің әктілеуі, ортаймас қазынасындай болған анамыз қасиетті Қарқаралы топырағында 1934 жылы туыпты. Руы – Қаракесектің ішіндегі Қара.

Анамыздың алтын құрсағынан 10 бала өрбіген. «Алтын алқа» медалінің, «Ұлы Жеңіске – 75 жыл» мерекелік медалінің иегері. 10 баладан 30 шақты немере, 40 шақты шөбере өсіп-өніп отыр. Немерелерінің барлығы, шөберелерінің көбі ақжарлықты әжелерінің мейірімін көріп өсті.

Анамыз әулеттің ғана емес, ағайын-туыстың, ауылдың ардақты үлкені еді. Асылдың сынығы еді. Жары Турағұл Еспауұлы екеуінің шаңырағы құтқа, берекеге толы еді. Құдайға шүкір, ардақты әке мен әзиз ананың соңында бір рулы ел қалды. Ғұмыр бойы балаларының бақытын, ұрпағының аман-саулығын тілеп өткен аяулы анамызға барлық балалары дұға етеді. Ордамыздың отанасын деп туған күнінде еске алу – перзенттік парызымыз!

Жатқан жерін жайлы, топырағың торқалы болсын, қадірлі ана!

Еске алушылар: ұрпағы

№256

## ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ

# Жетісудағы жеңіс

Талдықорғанда тоғызқұмалақтан балалар мен кіші жасөспірімдер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Дүбірлі долада қарағандылық үш қатысушының бағы жанды. Оның ішінде, Нұрғайым Сайдұлла I орынға ие болса, Жансая Төлегенова мен Мұхаммад Амангелді II және III орындар алды.



Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

берліктері аңғарылады, – дейді ойынның бас төрешісі Бауыржан Шурин.

Сайыс тоғызқұмалақ ойының негізгі үш түрінде өтті. Олар классика, рапид және блитч. Еліміздің барлық облыстарынан 400-ге жуық қатысушы жиналған ойын өте тартысты болды.

– Биылғы жастар – алғыр әрі ойға жүйрік. Ұлттық ойынға деген қызығушылық күн санап артауда. Оны қатысушылар саны да айтып тұр. Жалпы, балалардың жеңіске деген ұмтылыстары бар. Ойынды менгеру мен ойын тактикасына тез бейімделу ше-

Рapidтан алдына қара салынның мінез-құлқының өзгеруін, түрлі тактикаға кірісіп, жеңудің амалын қарастыратындағы эмоцияларын қасыру мүмкін емес. Десек те, жеңістің дәмі – өзгеше, – деп атап өтті сайыстың I орын иегері Нұрғайым Сайдұлла.

# Бас даңғылдың ажары артады

Қаланың орталық көшесі – Бұқар жырау даңғылы бойында ауқымды абаттандыру жұмыстарының жүргізіліп жатқанын аңғару қиын емес. Басты көшенің бойындағы жұмыстар мамыр айынан басталыпты. Мамандардың айтуынша, жоспар бойынша қыркүйекте аяқталуы тиіс.

Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Қазыбек би атындағы аудан әкімінің айтуынша, абаттандыру жұмыстарын ел көлемінде жүргізіліп жатқан «Таза Қазақстан» акциясына қосқан үлес деуге болады.



Сурет ашық деректен

– Бұқар жырау даңғылын абаттандыру бойынша жұмыстар аясында Бұқар жырау бабамыздың ескерткішінің маңайы абаттандырылды. Ескерткіштің өзі де, маңайы да тозып тұрған еді. Бүгінде бұл жердегі жұмыстар аяқталды. Қарағанды қаласы бюджетінен қаражат бөлініп, тастосемі ауыстырылды, жөке ағаштары

отырғызылды, ескерткіштің платформасы гранитті панельдермен жаңартылды. Жалпы, бұл жоба аясында Төлепов көшесінен Ермеков көшесіне дейін абаттандыру жұмыстары жүргізілетін болады, – деді Ринат Мұратұлы.

Қазыбек би ауданының ардагерлер кеңесінің төрағасы Тілеубек Камалиев Бұқар жырау бабамыздың ескерткішінің жөнделіп, маңайының ажарлана түскеніне ризашылығын білдірді. Тілеубек Камалиұлы қазақтың «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деген даналығын еске алды.

Жалпы, аталған алаң Бұқар жырау даңғылын абаттандыру жобасының бір бөлігі болып табылады. Ең алдымен, жаяу жүргіншілер жолы жабынының болашақта тозуын азайтатын жол төсеміне қарай еңіс қалыптастыру арқылы тротуар жабынын ауыстырып, дренаж мәселесін шешу қажет болды. Алаңның стильдік мәніне сәйкес, енгізілген қызыл жолақтар жаяу жүргіншілерге арналған бағыттаушыларды білдіреді.



– Жөке ағаштары алаңның сәнін аша түсті, – дейді Руслан Қаржасбаев. – Енді, оларды күтіп баптау қажет. Арнайы қойылған орындықтар шойыннан соғылған. Сондай-ақ, қолданыстағы шамдар да алмастырылады. Даңғыл бойында орналасқан бизнес өкілдері де абаттандыру ісіне атсалысады.

Маманның айтуынша, абаттандыру жобасы тұтас Бұқар жырау даңғылымен жалғасты. Мәселен, қазір Кеншілер ескерткішінің маңайында да дәл осындай жұмыстар жүріп жатыр.

Аталған даңғыл бойындағы барлық жаяу жүргіншілер жолы бойынша жұмыстарды биыл аяқтау жоспары тұр. Қазірдің өзінде 50-ге жуық ірі жапырақты ағаш отырғызылды.

ҚАРАҒАНДЫ

## ЖОБА

# Пікірсайыс лагері ашылды

Теміртауда «CUP-2024» жазғы пікірсайыс лагері ашылды. Бұл жерде 50 жас өрен және тәжірибелі сөз шеберлері өздерінің интеллектуалды әлеуеттерін ашып, шешендік қабілеттерін дамытады. Сондай-ақ, жас спикерлер жаңа білім алып, ойындарға қатысты.

– Бірінші күн облыстың бес тәжірибелі спикерінің тренингтері мен шеберлік сабақтарына толы болды. Оқыту екі тілде жүргізілді. Келесі күні турнир өтті. Қазақ лигасында 8 команда, орыс лигасында 16 команда бақ сынасты. Үздік спикерлер марапатталды, – дейді жоба жетекшісі Әйгерім Ержанова.

Ал, Теміртау қалалық мәслихатының депутаты Баян Мамитова лагерде көшбасшылық қасиеттерді дамыту тренингін өткізді.

– Балалар үшін мұндай көшпелі пікірталастар, тренингтер мен турнирлер өткізу өте маңызды. Бұл – үлкен танысу алаңы.

Олар жаңадан достар тауып, басқа атмосфераға тап болады. Мұның бәрі жақсы көңіл күй тудырады, оның әсерінен күш пен энергия пайда болады, өмірге деген көзқарас өзгереді. Бала өз қателіктерін байқайды, оларды түзетеді және өзі үшін жаңа нәрсеге үйренеді. Мұның бәрі жеке дамуға әсер етеді, – дейді Баян Мамитова.

Пікірсайысшылардың «Cup-2024» жазғы көшпелі лагері Теміртау қаласының Жастар ресурстық орталығының тапсырысы бойынша іске асырылатын жоба шеңберінде өткізілетінін айту керек.

Өз тілшімізден



**Қарағанды Шинсервис**

Арнайы дилер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ

• жеңіл автокөліктер үшін  
• жеңіл жүк көліктері үшін  
• тракторлар және ауыл шаруашылығы техникалары үшін  
• арнайы техникалар үшін

СБ АРҒАН ШИНАЛАР  
САТПАЙМЫЗ,  
СБ АҒАМАН ШИНАЛАР  
САТАМЫЗ

Қарағанды қ., қойма: Асфальттық көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1  
тел. 8 707 80 35 800

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы [fink.kar@minfin.gov.kz](mailto:fink.kar@minfin.gov.kz)

1. «ҚР ҚМ Қазынашылық комитетінің Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаментінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің нормаларын, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың Департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:30-ға дейін жұмыс тәртібімен 8-(7212)-41-36-90 сенім телефоны қызмет етеді».

«Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің нормаларын, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың Қарағанды облысы бойынша қазынашылық департаментінің аудандық, қалалық басқарма қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін сенім телефондары:

- Саран қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(72137)-5-11-44;
- Шахтинск қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(72156)-3-91-84;
- Теміртау қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(7213)- 98-10-18;
- Қарқаралы аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72146)-3-17-38;
- Бұқар жырау аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72154)-2-12-87;
- Нұра аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72144)-5-29-88;
- Осакаров аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72149)-4-18-90;
- Абай аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72131)-4-47-37;
- Ақтоғай аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(71037)-2-10-11;
- Балқаш қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(71036)-4-07-49;
- Приозерск қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(71039)-5-20-45;
- Шет аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(71031)-2-18-06.

2. «Қарағанды мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:30-ға дейін жұмыс тәртібімен 42-57-81 сенім телефоны қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы [etkcom\\_kar@minfin.gov.kz](mailto:etkcom_kar@minfin.gov.kz).

**43-21-55**

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны


# Көнеден көшкен күй керуен

Кеше Ұлттық домбыра күніне орай С.Сейфуллин атындағы академиялық қазақ драма театрында «Ортеке» республикалық этнофестивалі басталды. Республикалық фестиваль Қазақ халқының ерекше шығармашылығын, колөнерін, «Ортеке» күй орындаушылық шеберлігін жаңғырту, сақтау және одан әрі дамыту, Қазақстанның мәдени мұрасын өскелең ұрпақ арасында танымал ету, сондай-ақ, дарынды қатысушыларды анықтау және қолдау мақсатында өтуде.

**Жан АМАНТАЙ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы, облыстық мәдени-сауық және халық шығармашылығы ғылыми-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен өтіп жатқан фестивалге Қытай, Моңғолия, Астана, Алматы, Қарағанды қалаларынан, сондай-ақ, Ақмола, Алматы, Қызылорда, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Костанай, Қарағанды, Ұлытау облыстарынан 19 қатысушы бақ сынауда. Олар жеребе тарту арқылы қарсыластарын анықтап, сайысты бастап кетті.

Доданың алғашқы кезеңі SARYARKA ART FEST Cosmonaut қонақ үй кешенінің аумағында өтті. Мұнда келген көп көрермендер өзге ұлттардың салты және этностиліне баға беруде. Ал, Моңғолия мен түркиялық қонақтар қазақы киіну стилі және салт-дәстүрімізге ерекше қызығушылық танытып, таңданыс



Сурет шық. Лариса Коваленко



білдірді. Фестивальдің барлық көрермендері Қарағанды, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия және Ресейден келген жас және дарынды этнодизайнерлер жасаған ұлттық киімдерді тамашалай алады. Ал, фестивальдің келесі күні дизайнерлер өз жұмыстарын орталық саябақта – каскадтан жағалауға дейінгі аумақта көрсетеді.

• ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ

## Әуенді кештің әсері

Домбыра күні қарсаңында облыстық бейнелеу өнері музейінде «Күмбірге, қоныр домбыра!» атты тағылымды шара өтті. Шарада «Думан сазы» фольклорлық ансамблі өнер көрсетті. Сонымен қатар, көрерменге домбыраның тарихы мен құрылымы туралы дәріс оқылды.

**Ерік НАРЫН,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

– Біз жыл сайын Ұлттық домбыра күніне орай түрлі іс-шаралар өткіземіз. Екінші жыл қатарынан арт-импровизацияны ұйымдастырып отырмыз. Біз, әрине, қайталанбайтын жаңа әрі қызықты шараларды жасауға тырысамыз. Бүгінгі арт-импровизация бірден екі шеберлік сабағын қамтыды. Көрерменге күй тарихы мен домбыраның құрылымы түсіндірілді. Мұндай шара музей қонақтары үшін өте қызықты деп ойлаймын, – деді музейдің ғылыми қызметкері, арт-импровизация кураторы Айгүл Омарова.

Шеберлік сабағының бірінде домбыра сыныбы бойынша педагог, №1 Балалар музыка мектебінің «Думан сазы» балалар фольклорлық ансамблінің жетекшісі Ернат Ұзалин өзінің фольклорлық ансамблінің сүйемелдеуімен домбыраның тарихы, оның құрамдас бөліктері және күйлер төңірегіндегі аңыздарды айтып берді.

Музейдің бөлім меңгерушісі Елена Кондратьева жас көрермендерге түрлі көркем материалдармен домбыра салудың қыр-сырын үйретті.



Сурет шық. Лариса Коваленко

• САМБО

## Үмітті ақтаған үш алтын

Спорттық және жауынгерлік самбодан Қазақстан құрамасы Азия және Океания чемпионатында медальдық есепте көш бастап, ел мерейін тасытты. Қарағандылық спортшылар ұлттық құрама сапында сәтті өнер көрсетіп, қоржынға үш алтын салды.

Аталған Макаодағы (ҚХР) құрылық біріншілікке 20 елдің спортшылары қатысып, бақ сынасты. Ерлер мен әйелдер арасындағы жарыс 28 салмақ дәрежесінде өткенін атап айтқан жөн. Тартысқа толы турнирдің қорытындысы бойынша көш бастау мөртебесі Қазақстан командасына бұйырды. Ел құрамасының қоржынына спортшылар 26 медаль (15-7-4) салды. Екінші сатыға 19 медаль иеленген Өзбекстан құрамасы (8-1-10) жайғасса, сәйкесінше, үшінші орын, 21 медаль (2-6-13) иеленген Түрікменстаннан келген самбо шеберлерінің еншісіне тиді.

Бұл чемпионатта Қарағанды облысынан үш спортшы лайықты өнер көрсетіп, олардың барлығы жеңімпаз атанды. Спорттық самбода алтын жүлдені Болат Сапар (98 келіге дейін), Мадина Ержан (80 келіге дейін) және жекпе-жекте Ниятхан Төлеухан жеңіп алды.

– Биыл Макао сияқты Шығыс Азия аймағында Азия және Океания чемпионатын өткізу арқылы



Сурет облыс әкімінің сапалы

самбонь дамыту мен танымал етуде бір қадам алға жылжыдық. Турнир жоғары деңгейде өтті және барлық қатысушылар, спортшылар, жаттықтырушылар, төрешілер және әрине, көрермендер үшін нағыз спорттық мереке болды деуге толық негіз бар, – деп атап өтті

Азия және Океания самбо одағының басшысы Аламжон Муллаев. Байрақты бәсекеде көшпен алдынан көрініп, Көк Туымызды биіктен желбіреткен спортшыларымыздың әлі талай дүбірлі доданда топ жаратынына кәміл сенеміз.

Өз тілшімізден

## Жолдама – жерлесімізде

Франция астанасы Париж шаһарында өтетін төртжылдықтың айтулы бәсекесі жақындап келеді. Осы орайда қарағандылық спортшы Ксения Игнатоваңыз Олимпиада лицензиясының иегері атанғаны көңіл қуантады. Жүзуші түрлі әлемдік стартерларда жоғары жетістіктерді көрсетіп жүр. Бұл оған 2024 жылғы Олимпиадада Қазақстанның атынан өкілдік етуге мүмкіндік пен құқық беріп отыр.

**Жәлел ШАЛҚАР,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Париждегі ойындарда жүзуден Қазақстан құрамасына екі спортшы кіргенін атап айту керек. Бірі Әділбек Мусин (Астана қ.) 100 метр қашықтықта баттерфляймен өнер көрсетумен қатар, метрлік фристайлга қатысады. Екіншісі Ксения Игнатова 100 метр қашықтықта бағын сынаиды. Төртжылдықтың басты жарыстарында жүзу сайыстары 26 шілдеде басталып, 4 тамызға дейін жалғаспақ.

Бір айта кетерлігі, 2 тамыз күні Саран қаласының тумасы,



Сурет облыс әкімінің сапалы

Ө.Молдағұлова атындағы колледж мектеп-интернатының (Теміртау қаласындағы бөлімше) тәрбиеленушісі, ал қазір Қарағанды облысының жоғары спорт шеберлігі мектебінің өкілі Ксения Игнатова 19 жасқа толады.

Дарынды спортшы жүзу спортынан небір биік белестерді бағындырып келеді. 2021 жылы Ақтобеде өткен Қазақстан Республикасы V Жастар ойындарында бірінші орынды иеленсе, биыл 45 елдің спортшылары қатысқан Нью-Кларк-Ситиде (Филиппин)

өткен ересектер арасындағы Азия чемпионатында Ксения бес медаль жеңіп алып, айды аспанға бір-ақ шығарды. Оның төртеуі – алтын және ол екі континенттік рекорд орнатты. Жаттықтырушысы – тәжірибелі маман Станислав Осинский.

Бұған дейін Париж Олимпиадасының жолдамасын батут гимнастикасынан қарағандылық Данил Мұсабаев жеңіп алғанын айта кеткен жөн.

Өз тілшімізден

Оқырмандар есіне!

Газеттің келесі саны 11 шілде, бейсенбі күні шығады

**ORTALYQ QAZAQSTAN**  
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор –  
Қайрат Жүнісұлы  
ӘБІЛДА

Директордың орынбасары –  
Оксана Вячеславовна  
МЯГКИХ

Бас редактор –  
Е.К. МУСАБЕК  
Бас редактордың орынбасары –  
Қ.А. АЙТЖАН  
Сайт редакторы –  
І.Д. МҰҚАЙ  
Жауапты хатшы –  
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:  
Бас редактор: 43-35-37  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Призерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218VRY00030163 куәлігі берілді.  
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJВK2XX БИН 000840001412

Таралымы 4 200

№ 75 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор ЕРІН НАРЫН